

#КүшімізБірлікте

Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлік қалпына келтіру керек. Толығымен қалыпты өмірге ораламыз. Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



ЕКПЕ – БІЗДІҢ ҚАЛҚАНЫМЫЗ

5

МӘСЕЛЕ



ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА БУЫНЫ

6

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.01.2022

Түнде:



0+2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

16.01.2022

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+9+11 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №2 (6137) 15 қаңтар, сенбі, 2022 жыл.

«ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ»

Шаһар басшысы құрылыс компанияларының басшыларымен кеңес өткізді



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев құрылыс компаниялары мен салалық бірлестіктердің басшыларымен кездесуде қираған ғимараттарды қалпына келтіру және қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиында шаһар басшысы тәртіпсіздіктер барысында бұзылған әкімшілік және басқа да ғимараттарды қалпына келтіру қажеттігін айтып, қысқа мерзімде жағдайды бағалауды жүргізу және жөндеу-қалпына келтіру жұмыс-

тарына кірісу міндеті тұрғынын жеткізді. Құрылыс саласы одағының төрағасы Ералы Сауранбаевтың айтуынша, компания басшылары қаланы қалпына келтіруге және Алматының келбетін жақсартуда белсенділік танытуға, яғни қатысуға дайын. Бүгінде құрылыс компаниялары қызметкерлерінің қатысуымен қала әкімдігі ғимаратын тазалау басталды.

COVID-19

МЕГАПОЛИС «ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚТА шектеу шаралары күшейтілді

Алматы қаласының Бас санитарлық дәрігері Қарлығаш Әбдіжаббарова мегаполистегі эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне және жаңа «омикрон» штамының біздің шаһарда да тіркелуіне байланысты жаңа қаулыға қол қойды.



Қаулыда бірқатар шектеу бар. Ashyq жобасына қатысуына қарамастан: концерт залдарының, театрлардың, цирктердің, филармониялардың қызметіне; діни бірлестіктер объектілерінде (мешіттер, шіркеулер, соборлар, сина-

гогалар және т.б.) ұжымдық іс-шаралар (жұма-намаз, діни жоралар және т.б.) өткізуге; конференциялар, семинарлар, көрмелер, форумдар өткізуге; түнгі клубтардың қызметіне тыйым салынады.

ҚЫСҚА...

- 2021 жылы 17,5 мыңнан астам этникалық қазақ «қандас» мәртебесін алды.
- «Бастау-бизнес» бағдарламасы аясында биыл 50 мыңнан астам адам оқытылады.
- Сұраныстың артуына байланысты Алматы мен Нұр-Сұлтан арасында тағы бір қосымша пойыз қатынайтын болды.
- Алматыда балабақшалар 20 қаңтарда жұмысын бастайды.
- Атыраулық тұрғын Алматы ауруханасына жедел жәрдем көлігін сыйлады.
- Қалада карантиндік режим күшейтілді.

www.almaty-akshamy.kz



2

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары бойынша хабарласыңыз!





МИССИЯ

БІТІМГЕРЛЕР АУҚЫМДЫ
ЖҰМЫС АТҚАРДЫӘсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Шаһар басшысы Б.Сағынтаев ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгершілік күштерінің Қазақстандағы миссиясын аяқтау рәсіміне қатысты.

Алматыда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер Ұжымдық бітімгершілік күштерінің әскери қызметшілерін шығарып салды.

Кенес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының саптық алаңында өткен бітімгершілік контингенттерді шығарып салу рәсіміне ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы Станислав Зась, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Мұхамеджан Таласов және Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қатысты.

ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгершілік күштері тобының қолбасшысы, генерал-полковник Анатолий Сердюков барлық жеке құрамға батыл шешімдері мен әскери борышын мінсіз орындағандары үшін шынайы алғысын білдірді. Сонымен қатар, қолбасшы Қазақстан Қорғаныс министрлігінің басшылығына көпұлтты бітімгершілік контингентінің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге көмектескені үшін ризашылығын білдірді.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев ҰҚШҰ-ға қатысушы барлық мемлекеттер Президент Қ.Тоқаевтың конституциялық тәртіпті орнатуға және террористік қауіп-қатерді жеңуге жәрдемдесу үшін бітімгершілік контингентін тарту туралы Үндеуін бірауыздан қолдағанын еске салды.

— Бұл күндері бітімгерлер ауқымды жұмыс атқарды. Бірінші кезекте маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің күзеті мен қорғанысын күшейту бойынша бекітілген учаскелерде құқықтық тәртіпті сақтауға көмек көрсетті. Мұның бәрі Алматыдағы жағдайды тұрақтандыруда үлкен рөл атқарды, — деп атап өтті Б.Сағынтаев.

Қала әкімінің айтуынша, бүгінде қаланың тыныс-тіршілігінің барлық салаларын қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Мұхамеджан Таласов Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы — ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларына елдегі жағдайды тұрақтандыруға жәрдемдесу үшін Біріккен бітімгершілік контингентін енгізу туралы өтініш жасағанын атап өтті.

— Сіздер стратегиялық және басқа да маңызы бар нысандарды күзетуді қамтамасыз еттіңіздер. Бітімгершілік контингент келіп қазақстандық әскери қызметшілер, ішкі істер қызметкерлері содырларды іздестіру және ұстау бойынша өздерінің тікелей міндеттеріне кірісе алды, — деді М.Таласов.

Қазақстан Қорғаныс министрінің атынан Ұжымдық бітім-

гершілік күштері контингентінің әскери қызметшілеріне алғыс айтты.

Бірқатар бітімгерлер ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығымен «Халықаралық ынтымақтастыққа қосқан үлесі үшін» медальдары және грамоталармен марапатталды.

Ұжымдық Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгершілік күштері Қазақстан Республикасында мемлекеттік, әскери және әлеуметтік маңызы бар нысандарды күзету жөніндегі міндеттерді орындады.

Достық және әскери ынтымақтастық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, конституциялық тәртіпті қалпына келтіру бойынша бауырластық көмек ретінде Армения, Беларусь, Кыргызстан, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан ел аумағына өздерінің саны 2030 адам мен 250 бірлік техниканы құрайтын әскери контингенттерін жіберді.

Ұйым бойынша одақтастар террористік шабуыл кезінде Қазақстанға қолдау және уақытылы көмек көрсетті. Бітімгерлердің маңызды нысандарды күзетке алуы Қарулы Күштердің, құқық қорғау органдарының күштері мен құралдарының едәуір бөлігін босатуға және оларды террористерге қарсы күреске жіберуге мүмкіндік берді.

Осындай жағдайда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының тиімділігі айқын көрінді.

ҰҚШҰ Біріккен бітімгершілік контингентін елден кезек-кезеңімен шығару Қазақстан Президенті белгілеген мерзімге сәйкес биыл 13 қаңтардан бастап жүзеге асырылуда.

ЖӨН ЕКЕН!

Төзімділік пен
шыдамдылық тіледі

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев өткен аптада қалада орын алған тәртіпсіздік кезінде оққа ұшқан 4 жасар Айкөркем Мелдіханның отбасына барып, көңіл айтты.



Қала әкімі қыздың әкесі Айдос Мелдіханұлы мен анасы Динара Адамоваға орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

Қаладағы тәртіпсіздік кезінде 4 жасар Айкөркем оқ тиіп, көз жұмды. Ал оның 15 жастағы әпкесі Жанель жарақатпен жансақтау бөлімінде жатыр.

Шаһар басшысы Жанельдің сауығып кетуіне тілектестік білдіріп, ата-анасына төзімділік пен шыдамдылық тіледі. Отбасына материалдық көмек көрсетілді. Сондай-ақ, алдағы уақытта оларға 3 бөлмелі пәтер беріледі.

АҚШАМ-АҚПАРАТ».

COVID-19

МЕГАПОЛИС
«ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚТА
шектеу шаралары күшейтілді

(Басы 1-бетте)

Ashyq жобасына қатысатын нысандарда 30 адамға дейін еске алу шарасын қоспағанда, ашық аспан астында да, үй-жайлардың ішінде де бұқаралық іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар және т.б.) өткізуге және қатысуға тыйым салу; қоғамдық орындарға, оның ішінде қоғамдық көліктерге және қызметіне рұқсат етілген нысандарға барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда (5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) бетперде тағу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану қажет; ПТР-сынама оң нәтиже («қызыл» мәртебе) көрсеткенде және вирус жұқтырған науқаспен жақын байланыста болған кезде («сары» мәртебе) және COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алғаны туралы құжаттық растау болмаған кезде —14 күн ішінде өзін-өзі оқшаулау режимі.

Спорттық-сауықтыру орталықтарына, фитнес-орталықтар-

ға, йога-орталықтарға, моншаларға, сауналарға, бассейндерге кіруге 2022 жылғы 15 қаңтардан бастап Ashyq тетігімен «жасыл» мәртебесі көрсетілетін адамдарға ғана рұқсат етіледі.

Сондай-ақ, қоғамдық тамақтану объектілерінде бір үстелге отырушылар саны 4 адамнан, кинотеатрлардың (Ashyq жобасына қатысушылардың) толымдылығы 30%-дан аспауға тиіс.

Сонымен қатар, қаулыда қаланың тіршілігін қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерін қоспағанда, қызметкерлерді COVID-19-ға қарсы вакциналауды және ревакциналауды жүргізуге қарамастан, мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, кәсіпорындар персоналының кемінде 70%-ы қашықтан жұмыс нысанына ауыстырылсын делінген.

Меншік нысанына қарамастан мектептерде оқыту онлайн форматта болады.

Сондай-ақ, мониторингтік топтардың жұмысы күшейтіледі. Қаулы кеше күшіне енді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЕСІМІ МӘҢГІ ЕСТЕ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әсел
ДАҒЖАН

Шаһар басшысы қаза тапқан подполковник Хаировтың отбасына көңіл айтты.

Алматыда қаланы қорғау кезінде бандиттердің қолынан қаза тапқан Қарулы Күштердің офицері Сәндібек Хаировпен қоштасу рәсімі өтті.

35-гвардиялық десанттық-шабуыл бригадасы командирінің орынбасары, подполковник Сәнді-

бек Хаиров конституциялық құрылысты ерлікпен қорғап, қаза тапты. Ол әскери қызметшілерді қала әкімдігінің шабуыл жасалған ғимаратынан шығарып үлгерді, бірақ өзі қорғана алмады.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев марқұмның туыстары мен жақындарына көңіл айтты. Оның ерлігі әрқашан батылдық пен офицерлік абыройдың үлгісі, әскери борышын атқарудың үлгісі болады.

«Қаза тапқан әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің есімі Республика алаңында орнатылатын мемориалда мәңгі сақталады. Бұл біздің елімізді террористерден қорғап, бейбітшілікті сақтап, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткендерді еске алу үшін ұрпақтарға арналады», — деді Б.Сағынтаев.

Қала әкімі С.Хаировтың отбасына материалдық көмек көрсетілгенін, сондай-ақ пәтер бөлінетінін хабарлады. Марқұмның артында жұбайы мен екі баласы қалды.



ПАРЫЗ

Бәрі талапқа сай орындалды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Төтенше жағдай режимі басталғалы қаланың Төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелері 100-ден астам дабыл бойынша жолға шықты. Оның 67-сі өртке қатысты болды. 28 адам құтқарылып, 125 адам қауіпсіз жерге көшірілді. Бұл туралы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қасыбаев мәлім етті.

Руслан Қасыбаевтың айтуынша, өртенген нысандарды толықтай сөндіруге мүмкіндік болған жоқ, себебі, өрт сөндіру барысында жеке құрамға бандалық құрылымдар шабуыл жасаған.

«Дегенмен, өрт сөндіру операцияларының көбі сәтті өтті. ТЖД қызметкерлері 28 адамды құтқарды, 125 адамды эвакуациялады», — деді ол.

ТЖД бастығының мәліметіне сәйкес, 4 қаңтардан бастап бүгінге дейін «112» мен «101» пульстеріне 59 мыңнан астам қоңырау келіп түскен. Адамдардың көп жиналу, тонаушылық, қаланың қандай да бір ауданында күдікті адамдар, автокөліктердің нөмірсіз жүру фактілері бойынша барлық хабарламалар штабқа жіберілді.

ТЖД басшысы атап өткендей, тұрғындарды терроризмге қарсы операция туралы құлақтандыру мақсатында қалада күн сайын телерадио хабарлар таратылып, коменданттық сағаттың басталғаны туралы дабыл берілді, ұялы операторлардың абоненттерімен SMS-хабар таратылды. Халықты хабарландыру жұмыстары бүгінде де жалғасуда.

Жаппай тәртіпсіздік кезінде Өрт сөндіру қызметінің 8 қызметкері зардап шекті. Олардың бірі өрт сөндіру машинасын кері қайтарып алуға әрекеттенген кезінде қолына оқ тиіп, жарақаттанды. Барлығы 18 бірлік техника зақымданды, 6 техника басып алынды, оның 5-еуі өртенді және 1-еуі кері қайтарылды, 12 техника зақымдана, 1 техникаға оқ тиген.

«Өрт сөндірушілер үздіксіз шабуылдарға ұшырағанына қарамастан, азаматтар біздің бөлімшелерге көмек көрсетіп жатты. Азаматтық қорғау органдарына бұрын болмаған төтенше жағдай режимінде жұмыс істеуге тура келді. Бірақ өзінің жоғары жауынгерлік рухы мен жеке құрамның үйлесімді жұмысының арқасында қызмет талапқа сай орындалды және бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастырамыз», — деп түйіндеді Руслан Қасыбаев.



Әкімдік ғимараты тазартылуда



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кеше қалалық әкімдік ғимаратын өрттен кейінгі тазарту жұмыстары басталды.

Бұл шараға шамамен 660 адам жұмылдырылды. Қираған жиһаз, оргтехника, қоқыс жиналып, кәдеге жарату үшін полигондарға шығарылады. Тазалау қауіпсіздік техникасын сақтай отырып жүргізіледі. Бөгде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ғимаратқа және іргелес аумаққа кіруге тыйым салынады. Қалпына келтіру жұмыстары тазартудан кейін бірден басталады.



ШАРА



Бизнестің шығыны өтеледі



Әсел
ДАҒЖАН

Қала әкімі Б.Сағынтаев тәртіпсіздік салдарынан зардап шеккен кәсіпкерлермен кездесті.

Жұмыс сапары барысында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев содырлар тонап кеткен сауда және қоғамдық тамақтану нысандарын аралады. Қала әкімі «ОӘД» сауда үйін аралап көрді, онда 576 витрина сөресі қираған. Осы кезеңде жалдау ақысын есептеу тоқтатылды. Кәсіпкерлермен әңгімелесу барысында Б.Сағынтаев ШОБ-тың барлық шығындары өтелетінін, сауда залдары қалпына келтірілетінін хабарлады. Үкімет айналысатын тетіктің анықталуын күту керек.

Алматы қаласының әкімі полиция департаментіне «ОӘД» ғимаратында арыздарды қабылдауды ұйымдастыруды тапсырды. Зардап шеккен кәсіпкерлердің барлық өтініштерін уақытылы пысықтау қажет. «Атамекен» ҰКП консультативтік көмек көрсетеді.

Б.Сағынтаев, сондай-ақ, «Мобилка», «Планета электроники» сауда үйлерін, «Қорған» қару-жарақ дүкенін, «Соломон» спорт тауарлары дүкенін және Сәтбаев көшесіндегі қоғамдық тамақтану нысандарын аралады. Барлық нысандарда дерлік шабуылдаушылар бейнебақылау жүйелері бар серверлік бөлмелерді әдейі істен шығарып, тонаушылар ең құнды заттарды алып кеткен әрі үй-жайларды өртеген. Жоғарыдағы пәтерлер тұрғындары өртті сөндіруге көмектескен.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жұмыс уақыты өзгерді

Алматыда қала маңы маршруттарының жұмыс уақыты ұзартылды. Енді автобустар сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін қатынайды.

«Алматы облысында коменданттық уақыт сағат 23.00-ден таңғы 7.00-ге дейін өзгеруіне байланысты 13 қаңтардан бастап қала маңындағы маршруттар 9.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді», — делінген Қалалық көлік холдингі хабарламасында. Бұған дейін ол маршруттар 09.00-ден 18.00-ге дейін жүрген.

12 қаңтардан бастап Алматыда барлық маршрут, оның ішінде қала маңы маршруттары

да жолға шыққан болатын. Төтенше жағдайға байланысты қалалық маршруттар таңғы сағат 08.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін жүреді.



Экопосттар жөнделіп жатыр

Алматы қалалық Жасыл экономика басқармасының мәліметінше, тәртіп бұзушылық салдарынан 13 экологиялық пост өртеніп кеткен. Бұзақылар 4 бекетті сындырып, тонаған. Тек 2 бекет қана аман қалған.

Қазіргі кезде 4 бекетті қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, олар аптаның аяғына дейін іске қосылады. Ал 13 бекетті жөндеп, қалпына келтіру үшін біраз уақыт қажет.

Жарамсыз болып қалған бекеттерді қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына сәйкес орнынан алып тастап, жаңасын орнату бойынша жұмыстар қолға алынды.

Бекеттер қалпына келтірілгеннен кейін жауапты қызметкерлер өз жұмыстарын жалғастыратын болады. Жаңа экопост жұмыстарының қайта толық қалпына келуі туралы ақпарат қосымша жарияланатын болады.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

Алматы қаласы құтқару қызметінің бастығы Бейсегали Жүнісовтің айтуынша, қалада орын алған тәртіп бұзушылық салдарынан 47 көлік өртеніп, 48-і атылып, 17-сі қарақшылық шабуылға ұшыраған.

40 көлік құқық қорғау органдарына, соның ішінде жүк көліктеріне тиесілі екені белгілі болды.

«Көкжиектегі» автотұрақтан қымбат көліктермен қатар, лаңкестер басып алған әскери жүк көліктерді де кездестіруге болады.

«Кейбір көлік иелері алып кеткісі келеді. Бірақ тергеу аяқталғанша оларды бере алмаймыз», — дейді құтқару қызметінің бастығы.

Тергеу аяқталғанша тұрады





БАЙЫПТАМА

Әлеуметтік мәселе – бірінші кезекте



Динара
МУРАТ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қайғылы оқиғалардан кейінгі мәлімдемесінде түрлі мәселелер көтеріп, әсіресе халықтың әлеуметтік жағдайын сөз еткен. Оны жақсарту тетігі – елдегі экономикалық ахуалды түзету. Осы төңірегінде белгілі экономист Мақсат Халықпен тілдестік. Ол ел экономикасы біраз зардап шеккенімен, Президенттің алға қойған міндеттері көңілге үміт ұялатып, тығырықтан шығудың жолына айналғанын алға тартты.

Маманның айтуынша, елдегі бүлікшілік салдарынан келген жалпы экономикалық шығынның көлемі – 103,7 млрд. теңгені құрады. Тек Алматы қаласының өзіне 102,2 млрд. теңге шығын келген. Бұл да әзірге нақты дерек емес, аталмыш көрсеткіштер алдағы уақытта тағы өсуі мүмкін делінеді. *«Шынын айту керек, бұл аз қаражат емес, осыдан бір екі-үш жыл бұрын Президентіміз билікке жаңа келген кезде әлеуметтік осал топтар мен көпбалалы аналарға, біраз қазақстандықтарға 300 000 теңгеге дейін несиелерін жауып берген еді. Сол кезде бюджеттен бөлінген қаражат 105 млрд. теңге көлемінде болған. Содан-ақ, шығынның аз емес екенін көруге болады. Оның орнын тек мемлекеттік бюджет есебінен толтыру қиын, өйткені бюджет 2022 жылға бекітіліп қойған. Енді ұлттық қордан қосымша аударымдар болуы мүмкін деп ойлаймын»,* – деді Мақсат Халық.

Сондықтан Президенттің қосымша қор құру жайындағы шешімін экономист толығымен құптап отыр.

«Әрине, ел экономикасын оңалтуда қордың белгілі бір дәрежеде өз үлесі болады деп ойлаймын. Жыл сайын ірі компаниялар салым салуға міндеттеледі. «Қазақстан халқына» қоры тұрақты түрде жұмыс жасайтын, әлеуметтік, мәдени, спорт және бала денсаулығына қатысты біраз іргелі жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін қаражат көзіне айналады», – деді маман.

Мақсат Халық қазір ең бастысы зардап шеккен шаруашылық субъектілеріне, кәсіпкерлерге үлкен көмек көрсетілуі керек екенін алға тартады.

«Бұл – бірінші кезекте әлеуметтік мәселе. Аталмыш нысандарда біздің біраз азаматтарымыз жұмыс істейтінін ескерсек, кәсіпкерлер шығынды өтей алмаған жағдайда «банкروت» аталатыны мәлім, яғни қаншама адам әп-сәтте жұмыссыздар қатарына қосылады.

Бизнес субъектілерін аяққа тұрып кеткенше барынша қолдау керек. Бірреттік жәрдем беру емес, кейін де айналым капиталдарын арттырамыз десе, оларға қосымша жеңілдетілген несиелер беру жолдары қарастырылуы тиіс. Бұл жерде екінші деңгейлі банктер оператор болмау керек,

шағын несиелік ұйымдар арқылы несие берілсе қаражат әлдеқайда мобильді, жедел жеткізіледі деп ойлаймын», – деп өз ойын білдірді ол.

Сұхбат барысында тұтастай елімізде экономиканың диверсификациялауына қатты көңіл бөлінуі керек екені айтылды.

«Ұзақ уақыт бойы біздің экономикамызды тежеп келген монополист компаниялардың, соның ішінде «Самұрық-Қазынан» жұмысы тиімсіз екені дәлелденсе, одан мүлдем бас тарту керек немесе реформалар керек деген Президенттің сөзімен толықтай келісемін. Өйткені, аталмыш компанияның қарамағында қаниама еншілес компаниялар бар, алайда тиімділігі аз, экономикаға қосып жатқан ешқандай үлесі жоқ. Дегенмен, ондағы қызметкерлердің жалақысы тым жоғары. Оған қоса мемлекеттік сатып алуларды бақылайтын компанияға қаниама қаражат бөлінеді, одан да сол қаржыға біраз әлеуметтік мәселелерді шешуге болады деп есептеймін. Сондықтан барлық тиімсіз компанияларды ликвидациялау қажет немесе жеке секторға беру керек», – деді Мақсат Халық.

Одан бөлек, маңызды дүние – Қазақстанда орын алған «көлеңкелі экономика» мәселесін шешу. Экономист маман жақында Президенттің Әлихан Смайыловты Премьер-Министр етіп тағайындауының бірден-бір себебі – ол қаржы министрі қызметін атқарғанда Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымда 7 млрд. долларға дейін айырмашылық барын ашық айтқаны болуы мүмкін дейді.

«Демек, 7 млрд. доллар бізде жыл сайын ел бюджетіне түспей, көлеңкеде қалуда. Яғни экономикаға қыруар залал келтіріліп отыр. Жаңа үкіметке осыны реттеу бірінші кезекте міндеттелуі қуантады», – деді маман.

Тағы бір мәселе – бағаны реттеу. Жыл сайын жалақы ұлғайғанымен, қымбатшылықтың бәсендемеуінен әлеуметтік жағдайдың оң өзгерісі тежелді.

«Бұл ретте үкімет «Атамекен» палатасымен бірлесе отырып, бағаны ретке келтіруге тиіс. Әсіресе, барлық бюрократиялық кедергілер жойылса, ауыл шаруашылық өнімдерін тікелей халыққа жеткізіп берудің тиімді логистикалық тізбектері құрылатын болса, бағаның өзі ретке келеді деп ойлаймын. Арада алып сатушылардың жолы байланады. Мұның барлығын үкімет ұйымдастырса, жанағы «Атамекен» палатасының міндеті – импорттың орнын алмастыра алатын, өзіміз өндіре алатын тауарлардың картасын жасауы керек. Инфляцияны жолға қою, бағаны реттеу, қымбатшылықты тоқтатудың басты амалы – отандық өндірісті қолға алу», – деді экономист.

Сөз соңында маман елдегі жағдайдың толыққанды реттелуі үшін барлық мемлекеттік институттар бірлесе жұмыс істеуі керектігін, экономика әлеуметтік саланың ажырамас бөлігі екенін алға тартты. Яғни бірлесе жұмыс істеу арқылы ғана біз тығырықтан шығып, болашаққа мықты қадам баса аламыз.

КӨМЕК



Кез келген қолдау маңызды



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бүгінгідей сын шақта Алматыны қалпына келтіру және қалаға көрік беру үшін көрсетілетін кез келген көмек пен қолдау өте маңызды. Біздің күшіміз – бірлікте! Сбербанк мегаполиске көмек ретінде 550 млн. теңге бөлді.



Күні кеше аталған банк Алматыға су жаңа 10 жедел жәрдем көлігін сыйға берді. Кешегі тәртіпсіздіктердің салдарынан бірнеше жедел жәрдем көлігінің қирағанын ескерсек, бұл көліктер қаламызға ауадай қажет. Заманауи медициналық көліктер барлық қажетті медициналық құралдармен жабдықталған. Атап айтқанда, дефибриляторлар, жүрек қағысын тексеретін толық жүйе, пульсоксиметрлер, тасымалдауға қолайлы тыныс алу аппараттары, оттегі баллондары бар. Сондай-ақ, Сбербанк өз есебінен Ұлттық кітапхана мен ҚР Орталық мемлекеттік мұражай ғимаратын жөндеп, қалыпты жағдайына келтіреміз деп ықылас білдіріп отыр.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қаланың біртіндеп бұрынғы өміріне оралғанын және орын алған оқиғадан кейін қалпына келтіру жұмыстарының жүргізіліп жатқанын айтты. «Біз қазақстандықтардың қиын кезеңде ұйым-

шылдық көрсетіп, жұмылған жұдырықтай әрекет ете алатынына тағы да көз жеткіздік. Алматылықтарға тәртіпсіздік кезінде сабырлылық пен батылдық танытқандары үшін және бізге көрсеткен көмектеріңіз үшін алғыс айтамын», – деді шаһар басшысы. Сондай-ақ, қала әкімі зардап шеккен салаларды қалпына келтіруге, соның ішінде денсаулық сақтау саласына ірі бизнес және қаржы институттарының қолдау көрсетіп жатқанын ерекше атап өтті.

«Алматы қиын кезеңді басынан өткізуде. Қазіргі уақытта басты ортақ мақсатымыз – туған қаламыздың бұрынғы келбетін қайтару. Біз де осы бір маңызды іске өз үлесімізді қосқымыз келеді. Біріге жұмылсақ, қираған нысандарды жылдам қалпына келтіріп қана қоймай, бұрынғы тіршілігімізге одан әрі көрік қосып, бәріміз бақуатты тұрмыс кешеміз деген сенімдемін», – деді «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма төрағасы Елдар Теңізбаев.

АЛҒЫС

БІРЛІГІМІЗ СЕТІНЕМЕСІН!

Күшіміздің бірлікте екенін қаңтардың қаһарлы күндері тағы бір дәлелдеп берді. Президентіміздің көреген саясатының арқасында бұл қиын күндерді де артқа тастадық.

Айналасы екі күнде қабылданған шұғыл шешімдер арқасында елде тыныштық орнап, тіршілігімізді жандандыра бастадық. Міне, осы сәтте антына адал дәрігерлер халықтың жанынан табыла білді. Өмірлерін қатерге тіге отырып, өз міндеттерін адал атқарды. Солардың қатарында қалалық Қан орталығының да қызметкерлері бар. Олар жараланған жандарды күн-түн демей қажетті қан және оның компоненттерімен қамтамасыз ете білді. Мен осы ретте қала тұрғындарының тіршілігі үшін аса қажетті жылу, су, отын көздерін аман сақтап, тиісті азық-түлікпен қамтамасыз ету ісін жедел ұйымдастыра білген қала әкімі Бақытжан Сағынтаевқа және әкімшіліктің қызметкерлеріне, донорларды ұйымдастыру ісінде өзінің белсенділігі мен іскерлігін таныта білген Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысына, басшысының орынбасары Лаура Мырзағалиқызына ерекше алғыс айтамын. Сондай-ақ, қан тапсыру арқылы

көмек қолын созған қаламыздағы барлық перзентханалардың қызметкерлеріне, Алматы қалалық мәслихатының депутаттарына алғыс білдіргім келеді. Станислав Канкуров бастаған қалалық мәслихат депутаттары 7 қаңтар күні келіп қан тапсырды. Сонымен қатар, өз еріктерімен келіп қан тапсыруға ниет білдірген қала тұрғындарына да зор алғысымды айтып келеді. Ендігі кезекте біз бір кісідей жұмылып, Президентіміздің Қазақстанның жаңа даму кезеңіндегі ұстанып отырған саясаты мен халықтың әлеуметтік ахуалын жақсарту жолындағы игі бастамаларын бір кісідей қолдап, әркім өз саласы бойынша үлес қоса білейік. Біздің күшіміз бірлікте екендігі біздің басты қағидамыз болсын. Біз Алматы қалалық Қан орталығының қызметкерлері лаңкестер мен сойқанды содырлардан халқын қорғау кезінде көз жұмған азаматтарымыздың отбасы мен жақын туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз. Сіздер нағыз отансүйгіш ұл тәрбиелегендеріңізді мақтан етіңіздер. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Жер анамыздың бауыры бүтін, ел-жұртымыз аман болсын! Біздің күшіміз бірлікте ағайын, сол бірлігіміз сетінемесін.

Жандос НӘДІРОВ,
Алматы қалалық Қан орталығының директоры.





ТАРТИП

Елге кірудегі жаңа ереже

«Air Astana» әуе компаниясының баспасөз қызметі Қазақстан Республикасында коронавирүс инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешіміне сәйкес, 2022 жылдың 15 қаңтарынан бастап Қазақстанға кірудің жаңа ережелері енгізілгенін мәлімдеді.

Құжатқа сәйкес, Қазақстанға шет елден ұшып келетін барлық жолаушы (соның ішінде вакцина алғандар) COVID-19-ға теріс нәтижесін көрсететін ПТР анықтама-сын ұсынуы тиіс. Анықтама материал сына-масы алынған күннен бастап Қазақстан Республикасының шекарасынан өткен сәт-ке дейін 72 сағат бойы жарамды болып са-налады және ағылшын, орыс немесе қазақ тілінде жазылып берілуі тиіс. Аталған анықтама 5 жасқа толмаған балаларға ғана берілмейді. COVID-19-ға ПТР сынамасы-ның теріс нәтижесі болмаған жағдайда жо-лаушылар, соның ішінде Қазақстан азамат-тары және Қазақстан аумағында тұруға ықтиярхаты бар адамдар ұшу әуежайынан бортқа жіберілмейді.

МАМАН ПІКІРІ

Ревакцина – уақыт талабы

Ажар ГИНИЯТ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі:



– «Омикрон-ның» ерекшелік-тері – ауру жылдам жұғады, қайта жұқ-тыру қаупі де жоға-ры. Ол жоғарғы ты-ныс алу жолдарында «дельтаға» қараған-да 70 есе жылдам көбейеді. Бұл ретте алдын ала аралық зерттеулер ревакци-налау аурудың ауыр түрлерінен, ауруханаға жатқыздан және өлімнен 75%-ға дейін қорғайтынын көрсетеді. Екпені үшінші қайтара алу – уақыт талабы. Халықтың осал тобын қорғау үшін ревакциналауға арнал-ған вакциналар саны көбейтілді. Тек бала-лар мен жүкті әйелдерге ғана емес, 60 жас-тан асқан адамдарға да ревакциналау үшін «Комирнати» («Пфайзер») вакцинасы ұсы-нылады.

Ерлан ҚИЯСОВ,
ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері:



– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, коронави-рустың жаңа «омик-рон» штамымен ауырғандар саны әр 2-3 күн сайын екі есе артып келеді. Мұндай жыл-дамдықпен кете бер-се, әлемдегі корона-вирус жұқтыру деңгейі бір аптаның ішінде 8 есе, ал екі аптадан кейін 40 есе нашарлауы мүмкін.

Бүгінгі таңда «омикрон» вирусы әлемнің 126 елінде анықталды. Соңғы 14 күнде аурудың ең көп өсуі Данияда тіркелді. Бұл елде ауру 70%-дан астам, Италия мен Швецияда – 50%-ға, Франция мен Ұлыбританияда – 40%-ға өскен, Норвегия мен Португалияда 30%-дан асқан.

«Омикрон» штамының клиникалық белгілері мынадай: шаршау, бастың ауруы, дене қызуының көтерілуі. Вирустың жаңа штамдары таралмасын десек, ұжымдық иммунитеттің қажетті деңгейіне қол жеткі-зу маңызды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

ЕКПЕ – БІЗДІҢ ҚАЛҚАНЫМЫЗ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласының Бас санитарлық дәрігері Қарлығаш Әбдіжаббарова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында «омикрон» штамының халық арасында көп таралатынын және жақын арада оның «дельтаны» ығыстыратынын айтты.

Эпидемиологтың болжамы бойынша, коронавирустың кезекті толқынының шыңы наурыз айында болуы мүмкін. Ол коронави-рус дертінің өршуі жаңажылдық мерекелер-ден кейін болғанын атап өтті. «Ведомство деректерді үнемі талдап, таразылап отырады. Өзірге сынамалардың 71%-ында «дельта» нұсқасы, 16%-ында «дельта-плюс», 4,7%-ында басқа штамдар табылып отыр», – деді бас санитарлық дәрігер.

Жаңа «омикрон» штамы Алматы қаласы бойынша 7 сынамадан анықталған. Ведомст-во басшысы вирустың бұл нұсқасы басқала-

рына қарағанда жылдам таралатынын атап өтті. «Алматыда КВИ бойынша эпидемиоло-гиялық жағдай күрт нашарлады. Республика шеңберінде эпидемиологиялық ахуалды ба-ғалау матрицасы бойынша «қызыл» аймақта тұрмыз. Апталық аурушандық 2,2 есеге арт-ты. Егер жыл басында індет жұқтырған 972 адам тіркелген болса, қазір 2156 наукас бар. Инфекцияның берілу индексі 1,8 есеге арт-ты», – деді Қ.Әбдіжаббарова.

Спикер мегаполис тұрғындары ковидке қарсы екпе алуға, оның ішінде бустерлік до-заны қабылдауға шақырады. Сол арқылы ұжымдық иммунитеттің қажетті деңгейіне жете аламыз дейді. Өзірге Алматыда КВИ-ге қарсы иммундық қабат жеткіліксіз, ол шама-мен 60%-ды құрайды.

«Әлемнің жетекші ғалымдары мен сарап-шыларының деректері бойынша, қолданыс-тағы вакциналармен ревакциналану індеттің асқынуынан және өлім жағдайларынан қор-ғайды. Мен вакцина алмаған азаматтарды екінші компонентті алғаннан кейін 6 ай өткен соң қайта вакциналануға шақырамын. Бұл кезеңде қаланың барлық тұрғынына шектеу шараларының талаптарын, қоғамдық орын-дарда әлеуметтік қашықтық пен бетперде режимін сақтау өте маңызды», – дейді Қ.Әбдіжаббарова.

COVID-19

ДДСҰ: ой, пікір, болжам

Біздің елге енді жеткен «омикрон» Еуропаны әлдеқашан жайлап алған



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Алдымыздағы екі айда кәрі құрлық халқының жартысынан астамы «омикрон» жұқтырады» деген болжам жасап отыр Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілдері.

Бұл штамм қазір Батыс Еуропаны әбігер-ге салып тұр. Сондай-ақ, Балқан түбегі ел-дерінде де жылдам тарап жатқан көрінеді. Өсіресе, вакциналау қарқыны төмен елдер-дегі жағдай мез емес.

ДДСҰ өкілдері «омикронның» басқа штамдарға қарағанда тез тарайтыны ғылыми тұрғыда расталғанын айтты. Оны бұған дейін індетпен ауырып шыққан, не екпе салдырған адамдар да жұқтыратыны белгілі болған. Алайда, вакцина салдыруға шақырады. Өйт-кені, екпе аурудың ауыр формада өтуінен, не өлімнен қорғайды.

ДДСҰ сарапшылары коронавирусқа қар-сы жаңа вакциналар жасау керек деп отыр.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«ОМИКРОН» етек жайып барады

МЕКСИКА елінде ковидті күнделікті жұқтыру көрсеткіші бойынша жаңа антире-корд тіркеліпті. Елдің Денсаулық сақтау ми-нистрлігі 33 мың 626 адам індетке шалдық-қанын мәлімдеді. Соңғы рет 30 мың наукас 8 қаңтарда анықталған екен. Бұл елде вакци-налау қарқыны жоғары көрінеді. Ересек-тердің 88%-ы толық екпе салдырған. Елде тестілеу науқанын да күшейткен. Қазір күні-не 30 мыңнан астам тест алынып жатыр.

БЕЛЬГИЯ билігі вакциналау паспорты-на қатысты жаңа ережесін енгізді. Нақтырақ айтсақ, екпе алғандығы туралы сертификат бустерлік доза салдырған соң ғана беріледі. Жергілікті мамандардың айтуынша, уақыт өте препараттың алғашқы екі дозасының қуаты кемиді. Ал қайта вакциналау ағзаның ковидке қарсы тұру күшін арттырады. Оның үстіне қазір бұл елде де «омикрон» күрт кө-бейіп барады.

ИНДОНЕЗИЯ халқы үшін үшінші доза ақылы болады екен деп жатыр ақпарат көз-дері. Тегін ревакциналаудан тек қариялар мен



Олардың пікірінше, бұл бірінші кезекте ко-видтің жаңа нұсқаларымен, оның ішінде әлемді уысында ұстауға көшкен «омикрон-мен» күресті тиімді жүргізу үшін керек. Сондай-ақ, олар індеттің алдын алуға арнал-ған қосымша дәрілер шығару қажеттігін ай-тып отыр.

«Омикрон» бүгінде Еуропа мен Орталық Азиядағы 53 мемлекеттің 50-інде тіркелді. Шектеу шараларын күшейткенде, білім ошақтарының жұмысына ерекше назар ауда-ру керек деп отыр ДДСҰ мамандары.



әл-ауқаты төмен жандар ғана өте алады. Бұл тұрғыда тұрғындардың пікірлері қажетті жа-рылып тұрған көрінеді. Ал сарапшылар болса көпшіліктің теріс көзқарасы ревакциналау қарқынын бәсеңдетуі мүмкін деп отыр.

ИТАЛИЯ мектептерінде сабақ офлайн. Мәселен, егер сыныпта бір оқушының вирус жұқтырғаны расталса, өзгесі карантинге жі-берілмейді, бұрынғыша офлайн оқи береді. Тек мектепте бетперде тағып, ПТР-тесттің теріс нәтижесін көрсетуге тиіс. Ал сыныпта бір емес, екі оқушыдан анықталса, онда вак-цина салдырған балалар ғана сабаққа қатыса алады. Тек үш оқушының жұқтырғаны рас-талған кезде ғана бүкіл сынып қашықтан оқитын болады. Алайда, ана-аналар мен мү-

БАЛАЛАР ҚАШЫҚТАН ОҚИДЫ

Алматыда эпидемиологиялық жағдай-дың күрт нашарлауына байланысты мек-теп оқушылары 17 қаңтардан бастап қа-шықтан оқыту форматына көшеді. Бұл туралы қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева осы бри-фингте мәлімдеді.

«Алматы қаласының Бас санитар-лық дәрігерінің 13 қаңтардағы қаулысымен мектеп оқушылары 17 қаңтардан бастап қашықтан оқыту форматына көшеді. Оқу процесін қашықтан ұйымдастыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Атап айтқанда, оқушылар компьютерлер мен ноутбуктермен қамтамасыз етілген. Қала-да интернетке қатысты жағдай тұрақты, мектептердің интернетке қосылуы қам-тамасыз етілген», – деді ол.

Сондай-ақ, оның айтуынша, ата-ана-лар компьютер, ноутбукке және интернет-ке қатысты сұрақтары бойынша мектептің бірінші басшысына немесе аудандық білім бөлімдерінің басшыларына хабарла-са алады және олар аталған мәселелерді шешуге көмектесетін болады.

Бүгінде оқитудың платформалары анықталған (Online Mektep, Bilim Land, Microsoft Teams). Сонымен қатар, оқу-шыларға ынғайлы болу үшін бұрын пай-даланған платформаларды мектептер өз-дері тандап, оқыту барысында қолдана алады. «Бізге қашықтан жұмыс істеу тәжірибеміз бар. Мұғалімдер өткен жылы цифрлық сауаттылық курстарынан өтті және өз жұмыстарын онлайн-режим-де жетілдіретін болады», – деді Ләззат Жылқыбаева.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Пандемия қашан аяқталады?

Айдар ИШМУХАМЕТОВ,
ресейлік маман, Чумаков
атындағы орталық
директоры:

Инфекцияның белсенді таралу фазасы кемінде тағы бір жылға созылады, яғни кә-дімгі «маусымдық тұмауға» айналғанына күту керек. Содан соң тұмау түріне қарай жыл сайынғы вакциналауға көшеміз. COVID-19-ға қарсы вакцина да екпе күнтізбесіне енеді.

Осыған дейін Кипр ғалымдары «дельта» мен «омикрон» штамдарының бірігуінен ко-ронавирустың жаңа түрі пайда болды деп жар салып, оған «дельтакрон» деген атау да беріп қойған болатын.

ДДСҰ өкілдері бұл атауды мүлдем қол-данбау керектігін айтып жатыр. Өйткені, мұндай атау зертханадағы қателіктің салда-рынан пайда болған көрінеді. Бұл вирус екі мутацияның қосындысы емес дейді олар. «Дельтакрон» зертханадан зерттеу үшін үлгі ретінде алынған вирустың ластанған түрі болуы мүмкін.

ғалімдер алаңдаулы. Өйткені, «омикрон» өршіп тұр.

АҚШ жерінде «омикрон» штамының күш алып барады. Ауруханаға түскен наукас-тардың саны соңғы аптада 33%-ға артқан. Ресми дерек көздері бойынша ковидтен көз жұмғандар саны да артып, 40%-ға өскен. Алдағы бірнеше аптада індет одан бетер ушығуы мүмкін деп отыр жергілікті маман-дар.

ҚЫТАЙ еліндегі Аньян қаласында 2 адамнан «омикрон» анықталып, бүкіл ша-һарды локадауға жауып тастапты. Енді ба-қандай 5,5 млн. тұрғын себепсіз үйден шыға алмайды. Көшелердегі көлік қозғалысы да шектелген. Тек күнделікті тіршілікке аса қажетті тауарлар сататын дүкендер ашық.

Бұған дейін осы Аньян орналасқан Хэ-нань провинциясындағы тағы бір қалада жартылай локадау жарияланған еді. Мұнда да 2 адамнан «омикрон» шығып, 14 млн. -дай тұрғыны бар қаладағы барлық адам тест тап-сыруға міндеттелген болатын. Келесі айда Бейжінге қысқы олимпиада ойындары баста-лады. Мұндай қатаң шараларды билік сон-дықтан қабылдап отырған сынайлы.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



МӘСЕЛЕ

ИНЖЕНЕРЛЕРДІҢ ЖАҢА БУЫНЫ

экономикалық дамудың қозғаушы күші болмақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында техникалық мамандықтарға басымдық беру керектігін айтты. Бұл ретте 2025 жылға дейін Қазақстанда әлемдік беделі зор 5 университеттің бөлімшесі ашылады. Екі оқу ордасы батыс өңірде бой көтереді. Сөйтіп, елде техникалық мамандықтарға барынша көңіл бөлінеді. Бұл – көпшіліктің көңілінен шыққан оң бастама.

Серік
ЖҰМАБАЕВМЕМЛЕКЕТТІК
ТАПСЫРЫС КӨБЕЙДІ

Сонымен қатар, ел Президенті білім саласын дамытуға жол ашатын бірқатар тапсырма берді. Қолжетімді әрі сапалы білім. Бұл – Мемлекет басшысы ұстанған басым бағыттардың бірі. Қасым-Жомарт Тоқаев салаға көзқарасты өзгертуге шақырды. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмесе кетіп, техникалық мамандыққа мән беретін кез келді. Инженерлер мен өнеркәсіп өкілдеріне басымдық беру керектігін айтты Президент.

Шынында да елімізде заман ағымына сай білікті кадрлар, техникалық интеллигенцияның жаңа буынын дайындау мәселесі барынша өткір сипатқа ие болып отыр. Мұндағы басты міндет шикізат сату ғана емес, оны өңдеу ісіне келіп тіреледі. Демек, экономикалық дамудың ендігі қозғаушы күші дамыған адам ресурсы болып табылады. Бұл ретте заманауи инженер мамандардың алар орны ерекше болмақ.

Қазір Білім және ғылым министрлігі техникалық мамандықтарға көптеп көңіл бөліп, осы салаға мемлекеттік тапсырысты көбейтіп отыр. Өйткені, бізге 108 мыңға жуық маман қажет екен.

Оның ішінде инженер мамандарына деген сұраныс 12 мыңнан асады. Мұнымен қоса еліміздегі шетелдік компаниялар мен ұлттық холдингтер өздеріне керекті мамандардың көбін шет елден шақыртып отырғанын ескерсек, отандық инженерлерге деген сұраныстың қаншалықты артып тұрғанын аңғаруға болады. Бірақ өкініштісі сол, біздің ЖОО-лардың басым көбі сапалы инженер мамандарды дайындай алмай отыр.

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ
АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

«Өкінішке қарай, еліміздегі техникалық университеттердің болашақ инженер мамандарды даярлау деңгейі өте төмен қарқында келе жатыр. ЖОО-лардың материалдық-техникалық базасы, дәріс беру ісі көп артта қалып қойды. Ол-ол ма, Кеңес үкіметі кезінде бүкіл әлемге танылған Қ.Сәтбаев университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың материалдық-техникалық базасы ескі. Бүгінгі заман талабына сай емес. Енді мемлекеттік ЖОО-лардың өзі осындай дәрежеде тұрғанда жекеменшік жоғары оқу орындары туралы не айтуға болады?», – дейді техника ғылымының докторы, профессор Жұмажан Жаңбыров.

Онымен қоса, ҰБТ жолға қойылғалы бері, мысалы, журналистика, өнер саласын тандаған талапкерлердің шығармашылық қабілетін сынап емтихан аламыз да, ал инженерлік мамандықтарға тапсырған үміткерлердің сол салаға бейімі, қызығушылығы бар-жоғын анықтап жатпаймыз. ҰБТ-дан кездейсоқ жоғары балл алып, грантка түскен, бірақ техникалық мамандыққа ебі де, құлқы да жоқ үміткерлер топ-тобымен ЖОО-ға түсіп, еш құлшынысыз, ұмтылусыз-ақ қолына диплом алып шығады. Мүмкін техникалық, әсіресе, инженерлік мамандықтарға тапсырған талапкерлердің сол салаға қызығушылығын, шығармашылық қабілетін анықтау үшін қосымша емтихан алған дұрыс шығар.

ОҚУЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ
ӨЗЕКТІ


Сондай-ақ, көптеген ЖОО-да, тіпті ұлттық университеттердің өзінде техника-

лық мамандықтарды оқытатын оқу құралы, толыққанды жазылған оқулықтар жоқ. Көбі – ескі, 70–80-жылдары шыққан оқулықтар. Енді техникалық университеттердің материалдық базасын, оқу құралдарын толықтамай жатып, қалай білікті маман даярламақпыз? Өрине, оқулықтарда физика, математика, химияның заңдылықтары әрқашан сақталады. Бірақ оны іске асыру технологиясы үнемі өзгеріп тұрады емес пе? Қазір техника, технология дегендеріміз күн сайын өзгеріп отыр. Мәселен, таяуда техникалық университетті бітіруші бір топ жас маман өндірістік-тәжірибеден өтуі үшін зауытқа барғанда, ондағы техниканы көріп таңқалған. «Біздің кітаптан оқыған бірде-бір техникамыз мұнда жоқ», – дейді олар. Сондықтан ЖОО-лар көптеген өндіріс орнымен, зауыттармен, ғылыми-зерттеу институттарымен келісім-шартқа отырып, студенттердің тек теориялық жағынан емес, практикалық жағынан да шыңдалуына көмектескені қажет-ақ болып тұр. Оның үстіне, білікті кадр дайындау үшін білімді ұстаз қажет. Алайда, біздегі ЖОО-ларда жаңа техникалық мамандықтарға бейімделген білікті ұстаздар өте аз. Қазақстан ғылымында кадрлардың қартайып бара жатқандығын халықаралық сарапшылар да айтып жүр. Енді 60–70–80 жасқа келген ғалымдардың бірен-сараны болмаса, басым көбінің күнбе-күн өзгеріп жатқан жаңа технологиялардың барлығын сараптамадан өткізіп, елеп жатпайтыны белгілі. Ал ескі техникамен дәріс алған жас маман түрлі зауыттардағы жаңа станоктарға жақындай ала ма? Егер оны қалай қолдануды білмесе, зауыт басшысының да ондай маманды жұмысқа алмайтыны айдан анық.

Міне, осындай себептерге байланысты еліміздің экономикасының дамуы үшін аядай қажет болып отырған техникалық саланың сапалы мамандарына зәру болып отырмыз. Сондықтан тиісті орындар жоғарыдағы көтерілген мәселелерді ескеріп, мұны шешудің кешенді шараларын қолға алса, дұрыс-ақ болар еді.

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының
докторы, профессор:ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАС
ӨЗГЕРУГЕ ТИІС

Бұл саланы дамыту үшін БАҚ өкілдері әншілерді қалай жұлдыз қылып көтерсе, инженерлерді де солай ардақтауы қажет. Онсыз болмайды. Қазір екі өлең айтса, кез келген әнші жұлдыз болып шығады, ал бәлен жыл уақытын сарп етіп, жаңалық ашып, ғылымға үлес қосып, жаңа технология ойлап тапқан өнертапқышты ешкім танымайды. Табысы да аз. Сондықтан бұл жерде қоғамдық көзқарас өзгеруі керек. Өнертапқыштардың әрбір ашқан жаңалығын көрсетіп, жарнамалап, ал өндіріске еңбей отырған ғылыми жұмыстардың өмірге енуі үшін БАҚ өкілдері, жалпы қоғам барынша атсалысуы қажет. Сонда ғана ғылым дамиды, өндіріс алға басады.

Маңызы зор,
елеулі еңбек

Джон Масси Стюарттың әуелі ағылшын елінде жазылып, кейін кәрі құрлықта жарық көрген «Томас, Люси және Алатау» атты кітабы бар. Қазақ халқының XIX ғасырдағы тұрмыс-салтын, мәдениетін, табиғатының тамашасын бейнелеп жазған саяхатшылардың күнделіктері негізінде жазылған бұл еңбекті енді қазақстандық оқырмандар да оқи алады.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Жинақта Жетісудағы киелі саналатын Тамшыбұлақ жайлы ерекше толғаныспен айтылады. Заманында осы өлкеге ат басын бұрған ағылшын жиһангезі Томас Аткінсон Қапал уезінде жаз жайлап, қыс қыстап, қазақ арасында өмір сүрген-ді. Тамылжыған табиғаттың әсемдігі суропалық саяхатшылар Томас пен оның әйелі Люсиді таңқалдырғаны сондай, Алатаудың етегінде дүниеге келген ұлдарына Алатау – Тамшыбұлақ деп ат қойған болатын.

«100 жаңа оқулық» жобасының аясында ағылшын авторларының Қазақстан туралы екі кітабы қазақ және орыс тілдеріне аударылып, басылды. Оны қазақстандық авторлар Бақытжан Бұхарбай мен Алмас Нұрбақытов аударған. Екі кітаптың бірі Қазақстанға екі ғасыр бұрын келген британдықтардың, яғни Томас пен Люси Аткінсондардың сапары туралы баяндайды. Ал екіншісі – Ұлы дала тарихы туралы әр жылдардағы зерттеулер мен саяхаттар туралы жинақ.

Жақында екі кітап Талдықорғанда оқырмандарға таныстырылды. Онлайн-режимде өткен таныстырылымға Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерлан Ыдырысов қатысып, Қазақстан тарихы мен халқының өміріне қатысты осы кітаптың ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында аударылып, басылып шығуының мәні зор екенін атап өтті.

– Мұндай шаралар тәуелсіз екі ел арасындағы рухани байланысты одан әрі нығайтуға ықпал ететін бастама деп білемін. Қос жинақ дереккез ретінде қазақ оқырмандарына маңызды елеулі, әрі қызықты шығарма болады деп ойлаймын, – деді Ерлан Ыдырысов.

Кездесуде «Томас, Люси және Алатау» кітабының авторы Джон Мейсон Стюарт та бейнебайланыс арқылы сөз алып, өз әсерін жеткізді.

– Бұған дейінгі барған сапарымда мен Қазақстанның өзіме жақындығын сезіндім. Сондықтан шығарманың көпшілік қауымға кең таралатынына қуаныштымын, – деді британдық автор.

Сондай-ақ, бейнебайланыста «Ұлы дала саяхатшылары» кітабының авторы Ник Филдинг те сөз алып, ризашылығын жеткізді.

– Бірінші кезекте кітабымды аударуға ниет танытқандарыңызға және оны басып шығарып, таныстырып жатқандарыңызға шын жүректен қуаныштымын. Қазақстанға жасаған сапарым әлі есімде. Ондағы халықтың қонақжайлығы есімде сақталып қалды. Сіздердің елдің халқы, дәстүр-салты маған ерекше әсер етті, – деді Ник Филдинг.

Ал шараға қатысқан Алматы облысы әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов 2016 жылы Томас Аткінсонның ұрпақтары Қазақстанға келіп, ертедегі оқиғалардың тынысын сезініп, ата-бабалары жүрген жолдармен жүріп өткенін айтты. Кейін Аткінсондардың саяхаты туралы екі кітап – Джон Масси Стюарттың «Томас, Люси және Алатау: Аткінсондардың Сібірде және Шығыс Қазақстанда басынан кешкендері» және Ник Филдингтің «Ұлы даланың онтүстігіне: Томас және Люси Аткінсондардың Шығыс Қазақстанға сапарлары» кітаптарын елімізде басып шығару туралы уағдаластыққа қол жеткен екен.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 жаңа оқулық» жобасы – Қазақстанның ақыл-ой мен білімге ұмтылған, әлеуметтік жағынан жауапкершілігі мол жастарды қалыптастыруға бағытталған тың бастама. Соның арқасында біз тарихи мұраларымызды сақтауға, жастарға рухани тәрбие беруге бағытталған жобаны қолға алып, аударып басып отырмыз, – дейді облыс әкімінің орынбасары Б.Байжұманов.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ербол БАТЫРБЕКҰЛЫ,
қала тұрғыны:

ҚОЛҒА АЛАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Қазіргі кезеңде жастардың гуманитарлық пәндерге қарағанда технологиялық мамандықтарға аз баруы байқалады. Оның басты себебін мен мектептерде математика және басқа техникалық пәндердің дұрыс берілмеуінен деп түсінемін. Мансапқорлық психологиясы да бар шығар. Бірақ негізгі себебі мектепте жөнді оқытылмаудан деп түсінемін. Математиканы жөнді меңгермеген бала техникалық мамандықтарға баруға жүрексінгенде қайтсін? Дегенмен, кейінгі уақытта техникалық салаға көңіл аударыла бастады. Президенттің Жолдауында да осы мәселе айтылды. Мектептерде, жоғары оқу орындарында техникалық пәндерді оқытуды дұрыс жолға қоймайынша, жастарды инженер, программист, т.б. мамандықтарға тарта алмаймыз. Математика пәніне қызығушылық қазір барлық мемлекеттерде төмен. Бірақ дамыған елдерде жекелеген кәсіпорындар өздерінің қаржыларына мектеп ашып, өздеріне керекті мамандарды кішкентайынан математиканы тереңдете оқытып, одан кейін ЖОО-да білім беріп дайындап шығарады.

Талғат ҚАСЫМХАНҰЛЫ,
С.Демирел университетінің
IT саласы бойынша магистранты:

ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТУ КЕРЕК

Біз шикізаттық елміз. Өндіруші кәсіпорындар жоқтың қасы. Міне, осындай жағдайлар жастардың техникалық мамандықтарға құштар болмауының басты себебі деп ойлаймын. Өндірісі өркендеп тұрған Батыс елдерінде жекелеген кәсіпорындардың ішінде білім беру орталықтарын ашып алған. Мысалы, Американың төрт мыңдай кәсіпорындары мен компанияларының ішінен ЖОО ашылған екен. Мамандарды дайындаудың жақсы бір әдісі осындай. Сонда техникалық мамандықтарды тандаған инженерлер, бағдарламашылар да жұмыссыз қалмайтын болады. Сондықтан кәсіпорындар мен білім беру мекемелерінің арасында тығыз байланыс орнатылу керек. Келісім-шарт негізінде болса, жастарда ертен жұмыссыз қаламын деген үрей болмас еді. Бір сөзбен айтқанда, өндірісі дамымаған елде техникалық мамандықтарға сұраныс та, қызығушылық та болмайды.



МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Ақсұңқар әнші ардақталады

Биыл күміс көмей әнші Роза Бағланованың туғанына – 100 жыл. Ғұмырында 100-ден аса елде концерт беріп, 25-тен астам тілде ән айтқан әншіге туған жерінде ескерткіш орнатылып, есімі ұлықталады.



Серік ЖҰМАБАЕВ

Өмірінің соңғы жылдары өткен «Қазақконцерт» мекемесі Бағланованың есімімен аталады. Роза Бағланова қазақ өнеріндегі үні ерек әнші еді.

Ол бір ғасыр бұрын Қызылорда облысы, Қазалы өңірінде туған. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Ташкент филармониясы ән-би ансамблінің әншісі ретінде майдан даласында өнер көрсетті. Кеңес жауынгерлерінің бойына жігер беріп, оқ пен оттың астында жүріп ән шыраған аңыз адам.

Бұлбұл әнші 1945 жылдың 9 мамырында Берлиндегі жеңіс концертіне қатысты.

Мемлекет басшысы өзінің Twitter-дегі парақшасында қазақтың күміс көмей, бұлбұл әншісі Роза Бағланованы еске алып, оның

КСРО халық әртісі, сондай-ақ Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағына ие болғанын атап өтті.

Роза Тәжібайқызы қазақтың ән өнерін дамытуға зор үлес қосты. Оның репертуарында қазақтың халық әндері, қазіргі композиторлардың шығармалары және орыс, өзбек, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, қырғыз, монғол, чех, венгр, қытай, корей, үнді, швед халықтарының әндері үйлесімді көрініс тапты. Ол 1947–1949 жылдары Қазақ опера және балет театрының, 1949–1960 жылдары Қазақ филармониясының, 1960 жылдан бері Қазақконцерттің әншісі болды.

Мерейтой қарсаңында өмірінің соңғы жылдары еңбек еткен ұжымға әншінің есімі берілді. Аты аңызға айналған әншінің мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтіледі. Бұл да қазақ музыкасының әлемдегі беделін айғақтаса керек.

Димаштың «егізі» табылды



Танымал әнші Димаш Құдайбергенге ұқсайтын алматылық азамат өз арманы туралы айтты.

Бақтияр Беков – Алматы қаласының тұрғыны. Оны көпшілік танымал әнші Димаш Құдайбергенге ұқсатады. Алматылық жігіт өнер ісін «Славян базары» байқауына қатысқан сәттен бастап танығанын жасырған жоқ. Көпшілік Бақтиярды танымал әншіге ұқсата бергеннен соң ол өзінің шаш үлгісін де, киім кию стилін де өзгерткен. Қазіргі уақытта оның жүк таситын көлігі бар.

Бақтиярдың сөзінше, сонымен клиенттерден тапсырыс алып, кеңсе жиназдарын жеткізіп жүр. Димаштың шығармашылығын жоғары бағалайтын ол жүк көлігінің сыртына Димаштың суретін жабыстырып қойған. Алайда, жұрт атакты әншінің суретін жарнама үшін пайдаланып жүр деп ойлайды екен.

«Кейбір адамдар дұрыс түсінбей қалып жатыр. Мен Димаштың өнерін бағалаймын. Димаш емеспін десем де сенбей суретке түсіп жатады. Бұл менің көңіл күйімді көтереді», – деп ағынан жарылды алматылық тұрғын.

Қазір Бақтиярдың жасы 32-де. Жұбайы және үш баласы бар. Он жыл бойы қаржы саласында жұмыс істеген. «Соңғы екі жылда мамандығымды ауыстырдым», – дейді ол.

– Банк қызметкерінен жүк тасушыға айналдым. Басында қиын болды. Дегенмен, екеуі екі нәрсе. Бірақ адам бәріне үйренеді екен, – деді алматылық. Бақтияр кеңсе жиназдарын Алматы мен Алматы облысына тасып жүр. Клиенттерге тапсырысын жеткізіп берген кезде оны Димашқа ұқсатып, суретке түсіп жатады екен.

«Сырт бейнесінің Димашқа ұқсағаны кейде көмектеседі. Жақында полиция қызметкерінен құтылып кеттім. Көлігімді жолдың шетіне дұрыс қоймаған екенмін. Полиция қызметкері мені Димашқа ұқсатып, менімен суретке түсті. Тек ескерту ғана айтып кетті», – деді Бақтияр.

Ол алдағы уақытта кино саласында бағын сынап көрмекші. Егер режиссерлер Димаштың рөліне шақырып жатса, бас тартпайтынын айтты.

НЕ?



ҚАЙДА?




ҚАШАН?

«Алтын қордың» фильмдері қолжетімді

Қазақстандықтар «Қазақтелеком» tv.telecom.kz сайтындағы «Архив» бөлімінен фильмдер, мультфильмдер мен деректі фильмдерді тегін көре алады.

Ол үшін кәдімгі антеннаны қосып, tv.telecom.kz сайтында тіркеліп, «Архив» бөліміне өту керек. Мұнда қазақ және кеңес киносының алтын қорындағы фильмдер де, әлемдік режиссерлердің заманауи фильмдері де бар. Комедиялар, драмалар, тарихи фильмдер, тіпті ғылыми фантастика әртүрлі жастағы көрермендерге арналған. Интернеттің жоғына қарамастан кез келген уақытта қолжетімді.



Өткен тарихты онлайн зерттеңіз

«Қазақстан тарихы» e-history.kz порталы Ұлы Далаға қызықты виртуалды саяхат жасауға шақырады. Портал – жаңа технологиялар мен эксклюзивті ақпаратты үйлестірген. Мұнда әрбір тарихи кезең үшін жеке бет пен бірқатар айдарлар ойластырылған. Қазақстан тарихына қызығатын кез келген адам сирек басылымдардың оқырманы бола алады. Тарихты терең зерттейтіндер үшін «Ауызша тарих» – елеулі оқиғалардың шежіресі, кездесулер, әңгімелер, бақылаулар, әсерлер, тағдырлар жайлы көпті көрген және аман қалған адамдардың аузымен айтылады; «Өлкетану» – тарихи өлкетану материалдары; «Қазақ ою-өрнектерінің құпиялары» – халық өрнектерінің жасалуы туралы материалдар, аңыздар мен әңгімелер; «Шежіре – қазақтың генеологиялық шежіре ағашы» – қазақ руларының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі шығу тегі мен тарихы.



АСАР

Жан жылуына жетері жоқ

Еліміздегі соңғы жағдайларға байланысты кейбір азаматтар қолдау мен көмекке зәру. Мейлі материалдық, мейлі психологиялық кеңес болсын, азынбайық. Біз бен сіздің қолымыздан келген титтей бір жақсылық қаншама адамға жан жылуын сыйлайды. «Адамның жомарттығы оның өзінде артығымен бар кезде бөліскендігімен емес, қолында қалған ең соңғымен бөлісе алғандығымен өлшенеді» дейді. Олай болса, сізде таңдау еркі де бар.

Егер көмек қажет болса хабарласуға болатын бірнеше ұйымның тізімін жасадық. Қаласаңыз волонтер бола аласыз немесе арнайы есепшоттарға ақша аударып, қаржылай демеу көрсетуге де болады.



«ҚР ҚЫЗЫЛ ЖАРТЫ АЙ ҚОҒАМЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫ

Қайырымдылық үшін жіберуге болатын өнімдер: ұн, шемішке майы, күріш, қант, макарон өнімдері, қарақұмық, бұқтырылған ет (тушенка), шәй, кәмпіт, консервіленген балық, печенье. Гигиеналық заттар да қабылданады. +7 777 838 28 58 (Айжан).

«РАХЫМ» ӘЛЕУМЕТТІК ҮЙІНДЕГІ АСҮЙ

Асүй ішкі эшелондағы әскерилерге және коммуналдық қызмет жұмысшыларына күніне 2359 порция түскі ас дайындайды. Әлеуметтік үйге қолдау білдіргіңіз келсе азық-түлік немесе бірреттік ыдыстар алып беруге не төмендегі реквизиттерге ақша аударып жіберсеңіз де болады.

4400 4301 3966 3972 Данара Карсакбаева.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛҒЫНСЫ»

Еліміздің барлық өңірінде аталған ұйымның өз кеңселерінде халыққа көмек көрсету үшін қоғамдық штаб құрылды. Егер қандай да көмек түрі керек болса, ұйымның колл-орталығына қоңырау соғыңыз:

+7 708 800 28 87;
+7 771 050 15 37;
+7 775 274 22 69.

АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Аталған ұйым қираған ғимараттарды қалпына келтіруге қолұшын созуға дайын волонтерларды жинауда. Егер волонтер болғыңыз келсе, өзіңіз жайлы мәліметтерді (телефон нөміріңіз, қай өңірденсіз және қалай көмектесе аласыз) ұйымның телефон нөміріне жолдай аласыз. Сон-

дай-ақ, өзекті деген ақпараттар алуға болатын @eriktiler_kaz телеграм-чаты жұмыс істейді. +7 771 348 83 84.

АЛМАТЫ МЕЙПРІМДІЛЕР КЛУБЫ

Қазір волонтерларды жинауда және азық-түліктерді сатып алу, оны орап, тұрғындарға жеткізіп беруге дайын еріктілердің тізімін жасауда. Аталған клуб халықтың әлеуметтік осал тобына азық-түлікпен, киім-кешек және дәрі-дәрмектерді жеткізіп беріп, көмектесіп келеді. Клубтың инстаграм желісіндегі парақшасы – @club_dobryakov_almaty.

«ҚАЗАҚСТАН ВОЛОНТЕРЛАР ЛИГАСЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ

Филиал жеткілікті дәрежеде волонтерларды жинады. Қазір азық-түлік және ыстық тамақ секілді көмек түрлерін қабылдайды. +7 747 540 01 40.

«ЖАС ОТАН» АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ

Көмекке мұқтаж тұрғындардың өтінішін қабылдайды. Сондай-ақ, ұйым азық-түлік түріндегі көмек түрлерін де қабылдайды. +7 707 438 77 33.



Әзірлеген Әсел ДАҒЖАН.



ЖҰБАЙЛЫҚ ЖАРАСЫМ ӘЛІППЕСІ

Бас құрап, отау тіккенге дейін, әдетте, бәрі керемет! Оны бір сәт көрмесең, бүкіл өмірің тоқтап қалғандай, ал қарсы алдыңнан шыға келсе бітті, айналаң тегіс жайнап, жарқырап, көңілің тасып қоя береді. «Ертең не болады?» деп ойламайсың. Бақыттан басың айналып, сезімге мас болғаның сонша, тап осы сәтті тапжылмай тұрып қалардай көресің. Өкінішке қарай, тіпті де олай емес. Бақыттың үшін күресудің соңғы нүктесі тұрмыс құрумен шектелмейтінін отбасы болғаннан кейін анық түсіне бастайсың...

Роза
РАҚЫМҚЫЗЫЖОЛЫ БОЛМАҒАН
ЖІГІТТІҢ ЖАН СЫРЫ

Үйленгеннен кейін махаббат қайда кетеді? Білесіз бе, мен өмірімде үш рет үйлендім. Барлық кезде де үйленгенге дейін бәрі тамаша болды. Бірақ отбасылық өмір басталғаннан кейін-ақ, неге екенін, бәрі бүлінді. Менің оған деген, оның маған деген махаббатының бәрі бұға айналып жүре берді. Бірінші некем шамамен 10 жылға созылды, екіншісі үш жылдан аспады, ал үшінші некем 6 жылдың айналасында сыр берді. Бірінші некемде үш-төрт жыл жап-жақсы тұрдым. Бірақ бүкіле бәла келген бойда әйелімнің бүкіл ынта-ықыласы соған ауып кетті де, мені елемеуге айналды. Былай қарағанда, оның бар мақсаты – бала сүю ғана сияқты болып көрінді. Ал нәресте өмірге келісімен, мен керексіз болып қалдым. Осыны айтқанымда әйелім: «Есің дұрыс емес, күні-түні бала бағудың қандай қиын екенін түсінбейсің. Қайдағы жокты айтқанша, маған көмектеспейсің бе?!» деп өзімді кінәлады. Мен көмектесуге тырыстым да, бірақ одан ештеңе өзгермеді. Арамыз алыстаған үстіне алыстай берді, біраз уақыттан кейін сезім атаулыдан тіпті ештеңе қалған жоқ. Екеуміз де ажырасқанды жөн көрдік. Екінші некем о бастан дұрыс болмады. Не болып, не қойғанын өзім түсінбей де қалдым. Біз бір-бірімізді шын сүйеміз деп ойлағанбыз. Бірақ бал айының өзін ұрыс-керіссіз өткізе алмадық. Бірге тұрған 3 жылымыз үш ғасырға татитындай тозақта өтті. Ал үшінші рет үйленгенде бәрі тамаша болады деп ойладым. Оның алдында екеуміз 2 жыл-

дай кездесіп жүрдік. Сол кезде өмірімде бірінші рет біреуді сүю дегеннің не екенін түсінгендей болғам. Оның да мені сүйетінін сезгем. Үйленген соң өзгеріп кеттім деп ойламаймын. Отбасы болғаннан кейін де оны бұрынғыдай сүйдім, үнемі қолпаштап отыруға, сүйетінімді айтып, сезімді жасырмауға тырыстым. Әйтсе де, бас қосқанымызға бірнеше ай өтісімен-ақ күңкіл сөз көбейді. Әуелде «қоқысты шығармадың», «киімнің орнына ілмедің» деген сияқты ұсақ-түйектен бастады да, бара-бара «мені алдап жүрсің», «шыныңды айтпайсың» деп мінез-құлқыма наразылық білдіруге көшті. Тұрмысқа шыққанға дейін ешқашан жағымсыз мінезі болған емес еді, тіпті бұрын-соңды көрген адамдарымның ішіндегі ондысы сол болатын. Ешқашан ештеңеге шағым айтпайтын. Мен не істесем де оған бәрі керемет болып көрінетін. Ал қалай үйлендік, солай – мен қолынан «түк келмейтін» біреу болып шыға келдім. Біртіндеп көңілім қала берді де, ақырында сынына түзуді қойдым. Бұдан әрі бірге тұруды мүмкін еместігін екеуміз де түсініп, әрқайсымыз өз жолымызбен кеттік.

Содан бері әлі ой үстіндемін: шынымен де, үйленгеннен кейінгі уақытта махаббат қайда қалады? Жұрттың бәрінің жағдайы менікіндей ме? Елімізде ажырасудың көп болатыны осыдан емес пе екен? Ал отбасын сақтап қалатындар амалсыз тұра ма, әлде кейбір некелерде махаббат шынымен де сақталып қала ма? Олай болса, қалайша?..

МАХАББАТ ҚҰТЫСЫ ТОЛЫП ТҰРУЫ ШАРТ

Махаббат – тілдегі өте маңызды сөз әрі анағұрлым түсініксіз де – сол. Ғалымдармен қатар, діни ойшылдар да «махаббат өмірде басты роль атқарады» деген тұжырымға келген. Әдетте, «махаббат – баға жетпес гауһар сезім», «әлемді алға жылжытатын да – махаббат» деп айтқаныз. Мыңдаған кітаптар мен журналдар, әндер мен фильмдер осы сөзге толы.

Осы орайда, психологтар сүйікті болу – адамның негізгі эмоционалдық қажеттілігі екендігін айтады. Махаббат үшін адамзат тау шырдарын бағындырады, теңізді жүзіп, шөл даланы кесіп өтеді, адам төзгісіз қиындықтарды жеңеді. Махаббат жоқ жерде таулар асу берместей, теңіз ұшы-қиырсыз, ал шөл дала адам төзгісіз азапты болып көрінеді, сөйтіп, қиындық атаулыны өзімізге шығарылған соңғы үкімдей қабылдаймыз. Түптеп келгенде, адам баласының негізінде махаббат сезімі жатпаған жетістіктерінің өзі мағынасыз. Қай кезде де адами драманың соңғы сценасында басты үш қаһарман ғана қалады, олар – сенім, үміт, махаббат. Осылардың ішінде бәрінен де махаббат маңыздырақ.

Рас, көптеген ғасырлар бұрынғы сияқты, қазір де адамзат қоғамына махаббат тән, бірақ осы сөздің өзінің мағынасын көп жағдайда түсіне бермейміз. Былайынша, біз оны мыңдаған жағдайда

қолданамыз. «Иттерді жақсы көремін», іле-шала «Анамды жақсы көремін» дейміз. Суға жүзу, шаңғы тебу, аңға шығу тәрізді сүйіп шұғылданатын істерімізді айтамыз. Өртүрлі заттарды – кулинарлық тағамдарды, машинаны, үйді жақсы көреміз. Иттерді, мысықтарды, жан-жануарларды жанымыз сүйеді. Табиғатқа – ағашқа, шөпке, гүлге, ауа райына тамсанамыз. Адамдарға – ата-анамызға, ұл-қызымызға, жұбайымызға, достарымызға ет-жүрегіміз елжіреп тұрады. Біз тіпті махаббат сезімінің өзіне де ынтықпыз.

Бұл аз болса, әлдебір іс-әрекетімізді түсіндіру үшін де «махаббат» сөзін қолданамыз. «Мен оны сүйетіндіктен де осылай істедім» – кез келген әрекет осы тіркеспен түсіндіріледі. Әйелінің көзіне шөп салған еркек те сол қылығын «махаббат» деп біледі. Діни қауым мұны «күнә» дейді. Маскүнемнің әйелі құйеуінің бірінен соң бірін босатып, шашып тастаған бөтелкелерін жинайды және онысын «жақсы көретіндігімен» деп ойлайды. Психолог мұны «өзара тәуелділік» деп атайды. Ата-ана да «махаббат» деп түсініп, баласының бүкіл тілегін орындайды. Ал отбасы мәселелері жөніндегі маман мұны «жауапсыздық» деп есептейді. Ондай болса, біреуге махаббатпен қарау, жақсы көру дегеніміз не?..

МАХАББАТТЫҢ
ТҰРАҒЫ ҚАЙДА?

МАХАББАТТЫҢ НЕГІЗГІ ТІЛІ ӘРКІМДЕ ӘРТҮРЛІ

Некеге қатысты мәселелер мен отбасындағы ахуалды жақсартудың қыр-сырын зерттеген білікті маман Гери Чепмен жоғарыдағы азаматтың біз тілге тиек еткен әңгімесін тыңдай келе, жағдайды былай таразылаған екен: «Махаббат қайда кетеді?» деген бұл сұрақ – бүгінде үйленгені бар, ажырасқаны бар, мыңдаған адамдарды толғандырып жүрген мәселе. Бұл жөнінде біреулер достарымен кеңессе, келесі біреулері психолог мамандар мен дін қызметшілерінен, тағы біреулері өз-өздерінен сұрайды. Жауаптар кейде психологиялық терминдер түрінде болып, түсінікке ауыр соқса, кейде әзіл-қалжың арқылы жетеді. Қай-қайсысында да шындықтың ұшқыны бар болғанымен, оның бәрі – қатерлі ісікпен ауырған адамға аспирын бергенмен пара-пар.

«Некеде таңғажайып махаббат салтанат құрса» деген тілек бәріміздің ой-санамызға мықтап орнығып қалған. Танымал журналдардың бәрі дерліктей әрбір санында некедегі өзара сүйіспеншілікті қалай сақтап қалуға болатынын жазды. Бұл тақырыпта кітап та көп. Радио-телеарналардағы ток-шоулар да осы туралы әңгіме қозғап жатады. Некедегі махаббатты сақтап қалу – өте маңызды іс. Ал кітаптар мен журналдардың, нақты көмек пен ақыл-кеңес берушілердің жетіп-артылатынына қарамастан, үйленгеннен кейін махаббатын сақтап қалу тек санаулы ғана жұптардың қолынан келетіні несі? Талай отбасы дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрену шеберханасына барады, мамандардың кеңесіне жүгінеді, алайда үйіне келгенде сырттан көрген-білген, үйренген үлгілерін қолдануға мүлде қабілетсіз екенін байқайды. Яғни журналдардан «Екінші жартыңызға өз сезіміңізді білдірудің 101 тәсілі» атты мақаланы оқып, өзімізге анағұрлым сәйкестеу 2-3 қағидағын таңдап, қолданып көреміз, ал жұбайымыз мұнымызды тіпті аңғармайды да. Сөйтіп, қалған 98 тәсілді жайына қалдырамыз да, күнделікті тіршілігімізге көшеміз.

Егер сезіміміз жауапсыз қалмасын десек, жұбайымыздың махаббатының негізгі тілін меңгеруге тиіспіз. Бұл ретте осы сұрақтарды қауазытын кітаптар мен мақалалардың сізге көмектесе қоюы неғайбыл. Мұндағы мәселе – біздің аса маңызды жайтты, яғни әркімнің өз махаббатын білдіру түрі әртүрлі екендігін ұмыт қалдырғанымыз.

Лингвистика тұрғысынан алғанда, жапон,

қытай, испан, ағылшын, грек, неміс, француз сияқты басқа да бірнеше негізгі тілдер бар. Көпшілігіміз өз ата-анамыз бен жақын туыстарымыз сөйлейтін тілді меңгереміз. Сол тіл біздің негізгі немесе ана тіліміз болып есептеледі. Кейінірек басқа да тілдерді үйренуіміз мүмкін, бірақ ол бізден қосымша күш жұмсауды талап етеді. Ол тілдер біздің екінші тілімізге айналады. Бірақ бәрінен де өз тілімізде жақсы сөйлейміз, оны бәрінен жақсы түсінеміз. Сол тілде сөйлесек, бізге анағұрлым жайлы болады. Ал екінші тілді неғұрлым көбірек пайдалансақ, оны қолдана отырып, өзімізді соғұрлым жақсырақ сезінеміз. Мысалы, тек өз тілімізді ғана білсек және біз сияқты өз тілінде ғана сөйлейтін және онысы біздікінен өзгеше басқа бір адамды кездестірсек, онымен қарым-қатынасымыз шектеулі болады. Мұндай жағдайда ишараға, бет-әлпетіміз бен қол қимылдарына жүгінуге, айтарымызды сурет арқылы кескіндеуге мәжбүрміз. Әрине, бірдене ғып қарым-қатынас жасаймыз, бірақ мейлінше ебедейсіз. Тілдік айырмашылық – адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі. Егер де қарым-қатынасты тиімді етіп, мәдени тосқауылдарды бұзып өткіміз келсе, араласқымыз келген адамдарымыздың тілін меңгеруіміз қажет.

Махаббат тұрғысынан алғанда да жағдай тура осылай. Қытай тілі ағылшын тілінен қалай ерекшеленетін болса, сіздің махаббатыңыздың тілі де жұбайыңыздың тілінен дәл солай өзгеше болуы ықтимал. Ағылшынша сөйлей отырып, өз махаббатыңызды білдіруге қалай тырысатыныңыз маңызды емес. Өйткені, жұбайыңыз тек қытайша ғана сөйлесе, бір-біріңізді қаншалықты сүйетініңізді сол күйі түсіне алмайсыздар. Мәселен, некелерінің сәтсіз болғанын айтқан жігіт өзінің үшінші әйелімен «Сөзді ығарлау» арқылы сөйлескен. «Үнемі қолпаштап отырдым, сүйетінімді айтып, сезімді жасырмауға тырыстым» дейді. Әрине, ол ағынан жарылған, шынын айтқан, бірақ жары оның тілін түсінбеген. Яғни ол күйеуінің өз махаббатын мінез-құлқы арқылы көрсеткенін қалаған және оны таба алмаған. Бұл арада шынайы болып қою аз. Егер некеміз баянды болсын десек, жұбайымыздың махаббатының негізгі тілін анықтап алуға ұмтылғанымыз абзал. Соны тауып, сол тілде сөйлеуді үйренген бойда махаббат толы некенің кілтін қол жеткізеріңіз анық.

МАХАББАТ ТІЛІН МЕНГЕРУ – ҮЛКЕН ӨНЕР

Балалар психологтары «Әрбір балада негізгі-негізгі деген белгілі бір эмоционалдық қажеттіліктер болады және бала эмоционалдық жағынан орнықты болуы үшін сол қажеттіліктер қанағаттандырылуы тиіс» деп тұжырымдайды. Осы эмоционалдық қажеттіліктердің арасында жақсы көру мен назарда болу, өзінің біреуге тиесілі және қажет екенін сезінуден маңызды нәрсе жоқ. Егер де балаға тиісті көңіл бөлінген жағдайда ол жауапкершілік сезімі жоғары азамат болып ержетеді. Ол махаббатсыз баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуы кешеуілдейді. Яғни бала тәртібіндегі ауытқушылықтардың көпшілігі «махаббат құтысының» бос екендігінен туындайды. Әрине, махаббат құтысы – көзге көрінбейтін нәрсе, бірақ оның нәтижесі көзге ұрып тұрады. Мысалы, бала тәртібінің нашар болуы – оның өзі сезінбеген махаббатты, жан жылуын іздеудің салдары.

Бір анығы, махаббатты қажетсіну – балалыққа ғана тән нәрсе емес. Бұл сезім есейген кезімізде, отбасылық өмірде де бізбен бірге жүреді.

«Ғашық болу» бұл қажеттілікке уақытша ғана жауап бере алады, бірақ ол тек «жедел жәрдем» ғана. Кейіннен байқайтынмыздай, ол тек қысқа және айтарлықтай шектеулі уақыт аралығын ғана қамтиды. «Ғашықтық» көгінен жер бетіне түскен бойда махаббатқа деген эмоционалдық қажеттілік қайтадан жоғарыға қалқып шығады, өйткені ол – біздің табиғатымыздың фундаментальді негізі. Ол біздің бүкіл қалауымыздың дәл ортасында тұрады. Махаббат бізге ғашық болғанға дейін де қажет болған және қашан соңғы деміміз таусылғанша қажет бола да береді. Некелесуді қалаудың негізінде де жар махаббатын сезіну қажеттілігі жатыр. Сол себепті де, көп адамдар «Ерлі-зайыпты екі адам бір-бірін сүймесе, байлықтан не пайда?» деген пікірде. Демек, материалдық дүние махаббаттың орнын алмастыра алмайды. Әлдекімнің әйелі «Күні бойы ол мені керек те етпейді, тек түнде, төсекте ғана іздейді. Бұл маған ұнамайды» деп шағынады. Ол, әрине, төсек қатынасын жек көретін әйел емес. Ол – эмоционалдық махаббатқа мұқтаж әйел.

Өзгелердің өзін жақсы көргенін қалап тұру – адамзат табиғатына тән нәрсе. Оқшауланып қалу психиканы қатты зақымдайды. Қылмыскерді жеке камераға қамаудың ауыр жаза болып есептелетіні содан. Әлдекіммен жақын қарым-қатынаста болу, біреудің өзін сүйгенін қалау адамзат тіршілігінің негізі болып табылады. Некенің өзі де жақындық пен махаббатқа деген осы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатынан шыққан. Сондықтан да діни әдебиеттер ерлі-зайыптыларды бір бүтінге айналуды уағыздайды. Бұл әркімнің өзінің тұлғалық қасиетін жоғалтуы дегенді білдірмейді, ерлі-зайыптылар бір-бірінің өмірінен өте үлкен орын алуы тиіс деген сөз.

Алайда, қаншалықты маңызды болса, махаббат түсінуге де соншалықты қиын. Отбасылық шексіз бақыт туралы бастапқы ой-арманы шынайы өмірдің жартасына соғылып, тауы шағылған жұбайлар көп. Сол себепті де: «Махаббатымыз өлді. Қарым-қатынасымыз күйреді. Бір-бірімізге жақынбыз деп ойлап едік, бірақ оның бәрі артта қалды. Бізге енді бірге болған ұнамайды. Біз бір-біріміздің қажеттілігімізге жауап бере алмаймыз» дейді. Олардың оқиғалары балалар сияқты үлкендердің де «махаббат құтысы» болатынын көрсетеді. Бәлкім, сыр бере бастаған некенің тереңінде меңзегіші нөлді көрсетіп тұрған құты жасырулы тұрған болар? Ерсі қылық пен жатырқай қарауға, қорлап сөйлеу мен сынап-мінеуге сол құтының бостығы себепкер болса ше? Егер оны толтырудың тәсілін тапсақ, некемізді де жаңғырта алатын болармыз? Бәлкім, сол құты некенің мызғымастығын қамтамасыз ететін кілт шығар?

Бір ескерер жайт, автокөлікке жанармай қаншалықты қажет болса, махаббаттың эмоционалдық құтысының толы болуы неке үшін соншалықты маңызды. Сондықтан махаббаттың негізгі тілдерінің қандай болатынын түсіну және соның қайсысын жарыңыздың құп көретінін білу өміріңізді түбегейлі өзгертетінін ұмытпаңыз. Махаббат құтысы толғанда адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеті де өзгереді.



ШАРТАРАП

ҒАЛАМ ҒАЛАМАТТАРЫ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА



ҚЫТАЙ

Қытайдың EAST термоядролы реакторы 70 миллион градус температурада 17 минут жұмыс істеді. Бұл туралы Синьхуа

агенттігі хабарлады. Құрылғының плазması Күннен бес есе күштірек қыздырылғаны және «жасанды Күн» 1056 секунд істегені атап өтілді.

Қытай ғылым академиясының плазма физикасы институтының ғылыми қызметкері Гун Сянцзудың айтуынша, 2021 жылы жүргізілген тәжірибеде плазма 120 миллион градус температурада 101 секунд жұмыс істеген.

Бұл жобаның мақсаты – шексіз таза энергия өндіру.

Агенттік синтез энергиясы қауіпті қалдықтарды шығармайтынын және «жасанды Күн» үшін қажет шикізат Жер бетінде шексіз мөлшерде кездесетінін айтады. Отын ретінде сутегі изотоптары қолданылған.

Жоба 943 миллиард долларды құрайды. Бұған дейін Қытай үкіметі Ченду аймағына жарық шығаратын жасанды Айды ғарышқа ұшырататынын мәлімдеген болатын.



СОЛТҮСТІК КОРЕЯ

Солтүстік Корей елінде 11 қаңтарда Ұлттық қорғаныс академиясы гипер дыбысты зымыранды сынақтан өткізді. Республика үкіметінде көрсетілгендей, ұшыру «әзірленген жүйенің жалпы техникалық сипаттамаларын түпкілікті растау мақсатында» жүзеге асырылды.

Сынақ барысында гиперсониялық октұмсық зымыраннан бөлініп, 600 шақырымдық шептен ұшыру азимутынан нысана азимутына қарай жоспарланған секіріс пен «240 шақырым күрт айналмалы қозғалыс» жасалғаны, 1000 шақырым жерде орналасқан нысанаға түскені нақтыланды. Бұл – әлемдегі ең алғашқы гипер дыбысты зымыран болып табылады.



ЖАПОНИЯ

Жапонияның кейбір бөліктерінде әлемдегі ең алғашқы автобус-пойыздар іске қосылды. Токусима префектурасының Кайо қаласындағы «қос режим» деп аталатын көліктердің жұмысы басталды. Бұл автобустар рельстермен де, тасжолмен де жүре алады.

Asa Coast теміржол компаниясы ерекше көлік түрі жергілікті тұрғындарға көмектесіп қана қоймай, Кайоға туристерді де тартады деп отыр.



ҰЛЫБРИТАНИЯ

Ұлыбританияда үй жануарларына, оның ішінде иттерге арналған телефондар пайда болды. Құрылғы иесінің ноутбугіне

қосылған қозғалыс сенсорымен жабдықталған. Ит телефондағы дөңгелекті басқан кезде, иесіне қоңырау автоматты түрде бағытталады.

Ғылыми жобаның жетекшісі Илена Хирски-Дуглас өнертабысты өзінің тоғыз жасар кара лабрадор Зак сынақтан өткізгенін айтады. Оның айтуынша, 3 ай бойы сынақ жүріп жатқан кезде ит күніне шамамен 5 рет иесіне қоңырау шалған.

Әзірлеушілер «ит телефоны» үй жануарларына арналған мүлде жаңа бағытты дамыту жолындағы алғашқы қадам ғана екенін атап өтеді. Жаңа технологиялардың арқасында жануарлар жарықты қосуды, жылытуды, тіпті бір-біріне «қайта қоңырау шалуды» үйренеді.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

«Қала» мәртебесінің межесі

«Қала» деп қанша халқы бар елдімекенді айтады? Жалпы, «қала» мәртебесіне ие болу үшін қанша тұрғын қажет? БҰҰ тұрғындар саны 20 мыңға жетсе, «қала» деп санау жөнінде ұсыныс жасаған.

Алайда, ақиқат басқа. Мәселен, Ресейде 12 мың халқы болса және оның 85 пайыздан кем емес бөлігі ауыл шаруашылығынан басқа қызметпен айналысса, «қала» статусын береді. Жалпы, посткеңестік елдерде «қала» мәртебесін беру межесі былай өрбиді:

10 мың тұрғын – Украина, Өзбекстан, Молдовия, Қырғызстан;

8 мың тұрғын – Қазақстан, Армения, Түркіменстан, Латвия, Эстония;

6 мың тұрғын – Белоруссия;

5 мың тұрғын – Грузия, Әзербайжан;

Бір қызығы, батыс елдерінде қала статусын беруі оңайырақ екен. Айталық, Данияда – 250 тұрғыны бар мекен «қала» атала берсе, АҚШ-та 2,5 мың, ал Грекияда 10 мың тұрғын жеткілікті.

«Үлкен қала» деп тұрғындар саны 100 мыңнан асқан мекенді айтса, 250 мыңнан аса тұрғыны бар қала «ірі» саналады, миллионнан асқан тұрғыны бар қала мегаполис болып есептеледі.

Дельфин де – дәрігер

Дельфиннің өз бойынан бөлетін дыбысты сәулесі таңқаларлық ғажайыптарға ие. Ең ғажабы, ол адамның ауыратын жерін өзі анықтап, өзі диагноз қойып, өзі емдейді.

Ал «теңіз емшісі» нені емдеп жаза алады? Біріншіден, бала көтере алмай жүрген әйелдердің бедеулігін жазады, ми қызметінің бұзылуын реттейді, есту қабілетін қалыпқа келтіреді, сондай-ақ гендік ауытқу, жүйке жұқару, тіпті аутизмнің өзін құ-



лан таза сауықтырады. Дельфинді ең таптырмас антидепрессант деп атайды дәрігерлер, яғни өмірден баз кешіп кеткен жанның өзі сүйкімді жануардың емінен соң тіршілікке деген құштарлығы оянып, құлшына кірісетін болса керек.

Ал емдеу процесі теңіз суы толтырылған бассейнде өтеді. Суда жүзудің өзі адамның көңілін көтеріп, серпілтетінін білеміз, ал оған дельфин қосылғанда, ол әрі ем, әрі белгілі бір дәрежеде рахат та. Адамның баласы тегінде ақ халаттылардан қорқатыны ескеріліп, бұл емдеу процесінде ветеринар, психолог, жаттықтырушы және дәрігер сырттай ғана қадағалап, ал өздері тікелей көрінбейді. Дельфинотерапияның басты ерекшелігі де сонда деуге болады.

Ағаш ғұмыры ұзақтау

Мамандар әр ағаштың шамамен қанша жас жасайтынын анықтаған. Соған қарағанда ағаш ғұмырының қасында, адам ғұмыры тым келте ме деп қаласыз. Мысалы, секвойя, баобаб сынды ағаштар 5000 жылға дейін өмір сүретін көрінеді.

Сауырағаш (кипарис) пен шілік – 3000 жыл;

Балқарағай мен шырыш – 1200 жыл;

Емен, ақ терек, жуанжапырақты жөке және шынар – 1000 жыл;

Кәдімгі қарағай, – 600 жыл;

Үйеңкі, ақ үйеңкі, талшын – 500 жыл;

Сағызқарағай мен эвкалипт – 400–500 жыл;

Грек жаңғағы, зәйтүн ағашы – 400 жыл;

Бүк ағашы – 300–400 жыл;

Қайың – 250 жыл;

Алма ағашы – 200 жыл;

Сексеуіл – 150–200 жыл;

Өрік ағашы, бамбук – 100 жыл;

Шетен – 80 жыл

Айва ағашы – 50 жыл;

Шырғанақ ағашы – 25–30 жыл жасайды екен.

Гладиаторлар кезеңінде де болған

Жарнама – жаһандану дәуірінің таптырмас құралы. Оның соншалықты дәуірлеуі тамырының тереңде жатқан-

дығынан болса, екіншіден, сауда-саттық, сыпайылап айтқанда бизнес онсыз алға бір адым да аттай алмайтын халге жеткендігінде.

Жарнама тарихы адамзаттың сауаттанып, жазба мәдениетіне қол жеткізген кезден бастау алса керек. Ежелгі Египеттегі Мемфис қаласын аршып алғанда ол жерден «Мен, Крит аралындағы Рино, Тәңірінің бұйрығымен түс жоримын» деген секілді жазуларға толы тас бағандар табылған. Демек, жарнама сол кезде болған. Сондай-ақ, Помпей қаласының орнына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізгенде ол жерден 1500-ге жуық жарнамалық негіздегі жазбаларды тауып алған. Соның бірінде «Жолаушы, осы маңнан 12-мұнараға дейін жүрсен, Сирипус шарапханасына барасың. Кіре кет. Кездескенше» болып келеді. Келесі бірінде 20 жұп гладиаторлар шайқасы болатынын жарнамаланған.

Ежелгі гректер мен римдіктер әлемді алақанда ұстаған уақытта-ақ көшелерде тұрғындарды моншаға шақырған папирустар ілініп тұрған. Сол тұста Азия, Африка, Оңтүстік Америка елдерінде жарнама тасқа қашалатын. Ал дәл қазіргідей қағазға басылған жарнама алғаш француздың La Press басылымында жарық көрсе де, өзінің дамудағы шырқау шегіне ол АҚШ-та жетті. Ал 1841 жылы Филадельфияда Волни Палмер атты азамат жарнама ісімен айналысатын мекеме ашты. Бұл істен ақша түсіруге болатынын дәлелдеген ол жарнамаға берілген газет бетінен 25 пайыз өз үлесін алып отырды. Ал жарнамадан қыруар табыс түсіруші алып компаниялар АҚШ-та XIX ғасыр соңында пайда болды. Олар күні бүгінге дейін әлемге аты әйгілі «Eastman Kodak», «American Tobacco», «Procter & Gamble», «Coca-Cola» и «Colgate-Palmolive» компаниялары еді. «Kodacty» 1882 жылғы жарнама мәтіні: «Сіз тек түймешікті басасыз – қалғанын біз жасаймыз» болыпты.

Дайындаған С.САҒЫМ.

ЖЕР-ЖАҒАН

Бір тамшы қан

Австралия тұрғыны Джеймс Харрисон 13-ке толған жылы ажал тырнағына ілігеді. Оған дер кезінде күрделі ота жасалып, қан құйылып, өлім аузынан аман қалады.

Сол кезде оған бақандай 13 литр қан құйылған екен. Әрине, ол тұста баланың тірі қалғанына қуанғандар қан мәселесіне пәлендей мән бермеген.

Джеймс кәмететке толған кезде толық медициналық тексерістен өтпекке емханаға келеді. Оның қан құрамын тексерген дәрігерлер ауыздарын ашып қалады. Бозбала қанының өте ерекше, ерекше болғанда да, оның плазмасында жүкті әйел мен іштегі шаранаға ауадай қажет өте сирек кездесетін антидене бар екені анықталған. Ал бұл антиденесіз құрсақтағы бала анемиямен қоса сарғайып не өлі тууы мүмкін. Дәрігер Джеймске осының бәрін түсіндіреді. Бәрін үнсіз тыңдап алған жас жігіт дәрігерге «Айына неше рет қан тапсырып тұруыма болады?» деген бір ғана сұрақ қойыпты. Сол оқиғадан бері 60 жыл бойы, әр үш апта сайын Джеймс Харрисон үйіне жақын маңдағы емханада қан тапсырып тұрады екен. Әр барған сайын 400 миллилитр плазма тапсырып тұратын қария 60 жылдан астам уақытта 377 литр плазма тапсырған.

Бүгінде қарияның есімі Гиннестің рекордтар кітабына енген. Оның қанынан алынған антидене бүкіл әлемдегі шамамен 2 000 000-ға жуық жүкті әйелге құйылған. Ғажап!



Мейірбан әже

Сычуань провинциясының 66 жастағы тұрғыны өзінің 14 жастағы мүгедек немересін бес жыл бойына күнде тау арасындағы жолдармен сабаққа арқалап апарып қайтып жүріпті.

Ол осылай күніне төрт шақырымнан астам жол жүреді екен. Бұл оқиға туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан хабардар болған жергілікті билік өзекті мәселені шешуге кіріседі.

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі қыздың отбасы мектепке жақын маңда орналасқан үйге қоныс аударған. Жасөспірім қыздың қоларбасы да бар. Енді мектепке өзі барып, өзі қайтады. Тамаша!



«Кедейлердің дәрігері»

Мысырлық Мұхаммад Мишали деген дәрігерді жергілікті жұрт осылай атап кеткен екен. Себебі, ол жарты ғасырын денсаулығын түзетуге жағдайы жоқ кедей-кепшіктерді емдеуге арнапты. Ал өз еміне бар болғаны 1\$ шамасында ақы белгілеп қойған екен. Кейбірін тегін емдеп, тіпті дәрі-дәрмегіне дейін өзі сатып әперіпті. Оны мұндай шешім қабылдауға итермелеген нендей жағдай?

Бірде оның қабылдауына баласы диабеттің ауыр түріне шалдыққан көпбалалы ана келеді. Дәрігер жазып берген бір жапырақ қағаздағы инсулин препаратының бағасын көрген әйел жетегіндегі сырқат баласына «Саған мына дәріні алсақ, үйдегі бауырларың аш қалады-ау!» деп мұңая күбірлеп тұрғанын Мұхаммад Мишали естіп қалады. Содан бастап ол адамдарды өз клиникасында тегін емдей бастаған екен.

Мысырда дәрігер болу – ауқатты тұрумен тең. Бірақ Мұхаммад байлыққа қызықпаған жан. Ол тәулігіне бел жазбай 10 сағат жұмыс істесе де, көлігі болмаған, ұялы телефон да ұстамаған. Тіпті, жасы 80-ге таяса да, жұмысына жаяу қатынаған.

Бірде Араб Әмірліктерінің теледидарынан Мұхаммад дәрігер туралы хабарды көріп қалған бір шейх оған 20 мың \$ және автокөлік сыйлайды. Бір жылдан кейін Мұхаммадтың өзімен танысуға келген әлгі ауқатты кісі дәрігердің ақшаны кедейлерге таратып бергенін, ал көлікті сатып, клиникаға анализ жасайтын құрал-жабдық сатып алғанын естиді.

Ал телекомпания ұйымдастырған бір бағдарламаға қатысқаны үшін дәрігерге миллиондаған қаражат түскен. «Ақшаны баспана-сыз және ауру балаларға таратып беріңдер. Маған мынау жеткілікті» деп өзіне тек бір стетоскоп қана алған екен. Керемет!

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



«Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушыларға Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес 2021 жылғы 29 қарашадағы №143-НҚ бұйрыққа өзгерістер енгізуіне байланысты, Алматы қаласы бойынша департаментінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы «2022–2026 жылдарға арналған «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтеріне арналған тарифтері мен тарифтік сметаның шекті деңгейлерін бекіту туралы» №01–НҚ бұйрығына сәйкес тарифтер бекітілгенін хабарлайды:

- 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 2022 жылы мөлшері – ҚҚС-мен 2670,56 теңге/Ткал;
- 2023 жылы – ҚҚС-мен 2746,60 теңге/Ткал;
- 2024 жылы – ҚҚС-мен 2809,52 теңге/Ткал;
- 2025 жылы – ҚҚС-мен 2855,29 теңге/Ткал;
- 2026 жылы – ҚҚС-мен 2900,82 теңге/Ткал.

«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері

(ҚҚС-мен)

№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2022 ж.	01.01.2023 ж.	01.01.2024 ж.	01.01.2025 ж.	01.01.2026 ж.
1	Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	5308,16	5520,48	5741,30	5970,96	6209,80
1.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	6369,79	6624,58	6889,57	7165,14	7451,75
1.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	4670,00	4856,79	5051,07	5253,10	5463,23
1.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	5308,16	5520,48	5741,30	5970,96	6209,80
2	Өзге де тұлғаларға арналған тариф	Теңге/Ткал	8999,91	9359,90	9734,29	10123,67	10528,60
2.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	11699,87	12167,87	12654,58	13160,76	13687,20
2.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	6547,55	6809,45	7081,83	7365,10	7659,70
2.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Ткал	6104,38	6348,55	6602,50	6866,60	7141,27
3	Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Ткал	24259,77	24295,60	24139,14	23694,20	23096,10
3.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Ткал	23988,08	24023,52	23868,80	23428,85	22837,45
3.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Ткал	36389,65	36443,41	36208,72	35541,31	34644,16

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2022 ж.	01.01.2023 ж.	01.01.2024 ж.	01.01.2025 ж.	01.01.2026 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
1	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м.-ге дейінгі көптерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1451,81	1500,99	1551,98	1609,65	1663,79
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	691,34	714,76	739,04	766,51	792,28
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	829,61	857,71	886,85	919,80	950,73
в)	барлық тұрғын ұйшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1659,21	1715,41	1773,70	1839,61	1901,48
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	422,73	436,86	451,49	468,17	483,69
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м.-ге дейінгі көптерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1207,70	1247,11	1287,94	1335,05	1378,20
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	575,09	593,86	613,30	635,73	656,29
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	690,11	712,63	735,96	762,89	787,55
в)	барлық тұрғын ұйшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1380,22	1425,27	1471,94	1525,78	1575,09
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	390,88	403,74	417,05	432,35	446,43
5.	Жылыту үшін төлем						
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	32,93	34,25	35,62	37,04	38,53
5.2.	Караша	айына теңге/м²	152,05	158,13	164,45	171,04	177,88
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	206,76	215,03	223,63	232,58	241,89
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	228,48	237,62	247,13	257,02	267,30
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	192,49	200,20	208,21	216,53	225,19
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	154,40	160,57	167,00	173,68	180,63
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	7,45	7,75	8,06	8,39	8,71

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2022 ж.	01.01.2023 ж.	01.01.2024 ж.	01.01.2025 ж.	01.01.2026 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м.-ге дейінгі көптерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1248,39	1289,42	1331,95	1380,83	1425,80
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	594,46	614,01	634,27	657,53	678,96
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	713,36	736,81	761,12	789,04	814,74
в)	барлық тұрғын ұйшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1426,72	1473,62	1522,23	1578,08	1629,49
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	364,34	376,13	388,34	402,49	415,39
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем						
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м.-ге дейінгі көптерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/ адам	1044,95	1077,84	1111,91	1151,99	1187,82
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:						
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	497,59	513,26	529,48	548,56	565,62
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	597,12	615,91	635,38	658,28	678,75
в)	барлық тұрғын ұйшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1194,22	1231,82	1270,76	1316,55	1357,50
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	337,80	348,53	359,63	372,65	384,34
5.	Жылыту үшін төлем						
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	27,44	28,54	29,68	30,87	32,10
5.2.	Караша	айына теңге/м²	126,71	131,78	137,04	142,53	148,23
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	172,30	179,20	186,37	193,82	201,57
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	190,40	198,02	205,95	214,18	222,75
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	160,42	166,82	173,50	180,44	187,66
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	128,67	133,82	139,17	144,74	150,53
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	6,22	6,46	6,72	6,99	7,27



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-06-00 (ішкі 0318, 0319) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

● СӨЙЛЕ, СУРЕТ!



«Сәлеметсіз бе, жауынгер аға!»

Жауынгер мен кішкентай балақайдың бір-бірімен амандасып жатқан сәті бейнеленген мына сурет ел ішінде дүрбелең тудырған кешегі оқиғалар болып жатқан кезде әлеуметтік желіні шарлап кеткен еді. Көпшілік осы бір жылы көрініске лебіздерін көптеп білдіріп жатты.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Қоғамның ықыласын оятқан сәтті суреттегі бейбіт сарбазды Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының өкілдері іздестіріп көрген екен. Ол биыл құрылғанына 30 жыл толып отырған Ұлттық ұланын өз жауынгері болып шықты. «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 6698 әскери бөлімінде қызмет ететін ефрейтор Шахрух Хасанов қаңтардың 4-і күні дабыл белгісімен қызметке келгенін айтады. Олар Шымкент қалалық әкімдігінің маңына қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметіне шыққан.

Сурет 7 қаңтарда түсірілген екен. Әкімдік алдындағы алаңда қызметін атқарып тұрған жауынгерге бір кішкентай балақай том-

паңдай жүгіріп келіп, кішкентай қолын ұсына кетіпті. Неше күннен бері тікесінен тік тұрған жауынгер бір сәт балдырғанның алдында еңкейіп, қолын қайтармай, сәлемін алып, басынан сипап, әкесіне қарай жіберген. Әкесінің айтуынша, бұл – елдегі ахуалға байланысты неше күн үйде, төрт қабырғада қамалып отырған ойын баласының әбден зерігіп, далаға серуенге шыққанына қатты қуанған сәті екен. Ал суретті сол маңда түсірілім жасап жүрген жергілікті «OTYRAR TV» телеарнасының журналистері түсіріп алыпты.

Ефрейтор Шахрух Хасановтың Ұлттық ұланда қызмет етіп жатқанына 10 жыл болыпты. Отбасылы, екі ұлы бар. Ұлдары да әке жолын қуып, әскери боламыз дейтін көрінеді.

Жаңа Қазақстанды осындай жүректі, мейірімді ұлдар жасайды!

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
 - * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
- Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«АЛЖЖ» ЖШС 2022 жылғы 1 қаңтарынан бастап берекешектері үшін өшірілген абоненттерге жылу энергиясын қосуға көрсетілетін қызметтердің құнын хабарлайды.

(ҚҚС-мен)

№ р/с	Абоненттер санаты	Көрінісін үзіліспен қосылу/теңге	Көрінісін үзіліспен қосылу / теңге
1	Заңды тұлғалар мен ЖК >0,1 Гкал/сағ.	58795	20137
2	Заңды тұлғалар мен ЖК <0,1 Гкал/сағ.	23346	14293
3	Жеке тұлғалар	14747	4800

Ескерту: Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтарға қатысты заңды тұлға үшін белгіленген ережелер, тарифтер қолданылады.

«Жану проблемалар институты» РМК ұжымы мен басшылығы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа ұлы

ЕЛНАРДЫ

мегізсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

CORONA
VIRUS2020/KZCOVID-19 - ДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ
ТИІМДІ ТӘСІЛІ - ИММУНДАУ!

Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина пайда болғалы бері бүкіл әлемде бірнеше миллиард ересек адам екпе алды.

Коронавирус инфекциясына қарсы вакциналардың қауіпсіздік деңгейі өте жоғары, аурудың асқынуының және науқасты ауруханаға жатқызудың алдын алуға, коронавирус инфекциясынан өлім-жітімді азайтуға көмектеседі.

Кең таралған COVID-19 вакцинациясы - денсаулығына байланысты аса қауіпті топқа жататын көз келген адамды коронавирус инфекциясының ауыр асқынуынан және өлімнен қорғаңызды құрал.

«Pfizer» вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) 12-18 жастағы балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және емізулі баласы бар аналарды вакцинациялау үшін ұсынады.

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер арасындағы вакцинация әлемнің 20-дан аса елінде 12 жастан, кейбір елдерде 3 жас, (Қытай) және 5 жастан бастап (АҚШ) жүргізілуде.

Америкада «Pfizer» вакцинасымен шамамен 8 миллион адам егілді, оның ішінде 5 жастан асқан балаларды да вакцинациялау басталды.

Қытайда 2021 жылдың қазан айында 3 жастан 17 жасқа дейінгі балаларды коронавирус инфекциясына қарсы отандық вакцинамен егу бойынша шұғыл шара қабылданды.


Қазіргі кезде 60 миллионнан астам балалар мен жасөспірім вакцина алды.

CORONA
VIRUS2020/KZ«PFIZER»
ВАКЦИНАСЫМЕН
ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА
ҚАРСЫ
КӨРСЕТІЛІМДЕР:

- препараттағы белсенді затқа немесе көз келген басқа компоненттеріне аллергия;

жұмыртқа немесе желатинге аллергия вакцинация үшін қарсы көрсетілім болып саналмайды, өйткені вакцинада мұндай компоненттер жоқ.

Жігі инфекциялық ауруы бар немесе созылмалы аурулары асқынған адамдарға коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялауды кейінге қалдыру керек.



- 12 ЖАСҚА ДЕЙІН
- 16 АПТАҒА ДЕЙІНГІ ЖҮКТІЛІК.

«PFIZER» ВАКЦИНАСЫМЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КЕСТЕСІ:

1 ДОЗАСЫ
- КЕЗ КЕЛГЕН
НӘЛДІК КҮН;



2 ДОЗА
- БІРІНШІ ДОЗАН
АЛҒАННАН КЕЙІН
21-ДЕН 28 КҮНГЕ
ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА.

КЕРЕК КЕҢЕС

ІШ ПЫСПАСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Еліміздің мәдени орталығы қалыпты тіршілік ауанына оралып келеді. Бүгінде Алматыда Төтенше жағдай режимін сақтай отырып, бірқатар ойын-сауық орталықтары мен басқа да нысандар жұмыс істеп тұр. Дейтұрғанмен, алматылықтардың басым көпшілігі қа- жеттілік туындаған жағдайда ғана болмаса, көшеге беймезгіл шықпағанды жөн санайды. Ендеше, біз сіздерге үйден шықпай-ақ уақытты қалай қызықты және қауіпсіз өткізуге болатынын айтайық.

Өмір құндылықтары

«Бұлттарға апаратын жол» фильмін көріңіз. Отандық кинотуынды желі қолданушылары үшін қолжетімді. Оскар Бах пен Мірғалым Есіркеповтың драмасы өмірдің құндылықтары тура- лы ойлануға және көптеген сәттерді қайта қарастыруға мәжбүр етеді. Драмалық картина тағдырлары күтпеген жағдайларда өзара байла- нысты болған үш кейіпкердің тарихы және олардың әрқайсысының тандауын баяндайды. Жалпы, фильмнің сюжеті мынадай: «Өмірдің мәні – ақша» деп білген жас жігіт заң мен арды аяққа таптап, қитұрқы тірлікке барады. Бір нау- қас дәрігерден өмірін тоқтатуды, ақысына сұра- ғанын беретінін айтады. Дәрігер ұлымен қиын қарым-қатынасын есіне алып, емделушінің ұсынысына дұрыс шешім қабылдауды ойлайды. Алыс ауылда тұратын қария өмір бойы қабірші болып істейді. Ол өз ісін жақсы көреді және бұл тірлігін өмірдің мәніндей көреді. Кейіпкер- лердің әрбірі өз тандауын жасамақ. Қарапайым ғана тілмен айтқан әсерлі оқиға көрермендері- не ой салары сөзсіз.

Киноны мына сілтеме арқылы көріңіз: <https://megogo.net/ru/view/3810901-tropinka-k-oblakam.html>



«Кім ақылды?»

Әлеуметтік желі арқылы «Кім ақылды?» деп аталатын отандық зияткерлік ойынға қатысу мүмкіндігі бар. Мобильді қосымша түрінде ұсынылған ойынның базасында спорт, XX және XXI ғасыр, дүние жүзі, өнер, Қазақстан тарихы, Қазақстан табиғаты, денсаулық және ғылым тақырыптарында 35 мыңнан астам сұрақ бар. «Кім ақылды?» қосымшасы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде құрылған және ол iOS және Android платформаларында қолжетімді. Жоба іске қосылған сәттен бастап 10 000-нан астам адам ойынды жүктеп, пайдалануда. Бұдан бө- лек, «Кім ақылды?» ойыны жыл сайын еліміздің әр өңіріндегі жоғары сынып оқушылары ара- сында да өтіп жүр. Ойынды тиісті ресурстардан жүктеп алуға болады.



Тегін онлайн-курс

Қазақ тілінің мәртебесін көтеру күн тәртібін- дегі мәселе екенін жақсы білесіз. Егер мемле- кеттік тілді тереңірек меңгергіңіз келсе, қазақ тілін үйрететін тегін онлайн-курсқа қатысыңыз. Жобаны құрастыруда лингвист-ғалымдар, әдіс- керлер мен практик-мұғалімдер жұмыс істеген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл курс қысқа мерзімде қазақша ауызекі сөйлеу тілін меңгеруге көмектеседі. Курс үш кезеңнен тұра- ды. Әр курста орта есеппен 10 сабақтан бар. Курс кестесі – тегін. Сонымен қатар, әр тыңдау- шы өзіне ыңғайлы уақытта оқуына болады. Курстың тыңдаушысы болу үшін жобаның www.soyle.kz веб-сайтына кірсеңіз болғаны. Бүгінде аталмыш курсты 201 288 адам оқып жатыр. Ендеше, қазақ тілін үйренуді бүгіннен бастаңыз.



Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ВОЛОНТЕР

Көмек көрсете аласыз



Әсел
ДАҒЖАН

Алматыда мұқтаж жандарға көмек көрсету бойынша қалалық еріктілер штабының жұмысы ұйымдастырылды.

Штаб келесі мекенжайлар бойынша жұмыс істейді: Абылай хан көшесі, 79 және Байтұрсынов көшесі, 22/1. Жұмыс уақыты – күн сайын сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін. Штаб базасында жедел желі теле- фондары іске қосылды: +7 (727) 279-13-29, +7 (727) 225-49-01, +7 705 213 00 77. Көр- сетілген телефондар бойынша көмек көр- сетуге дайын және көмекке мұқтаж қала

тұрғындары хабарласа алады. Волонтер- лер пунктінде мынадай бағыттар бойынша көмек көрсетіледі: консультациялық, пси- хологиялық, заңдық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және шұғыл желі телефонына келіп түскен өтініштер бойынша волон- терлік көмек. Штаб жұмысына тәжірибелі волонтерлер мен қаланың ірі волонтерлік ұйымдары жұмылдырылды: Жастар ре- сурстық орталығы, «Қазақстан Волонтер- лер лигасы» ҚК, «Жас Отан» ЖК, Алматы мейірімділік клубы, Lider.kz және тағы басқалар. Демеушілік көмек көрсету мәселелері бойынша келесі нөмірлерге хабарласуға болады: +7 747 540 01 40 – Бағдат, +7 707 438 77 33 – Нұрсұлтан.